

Дәруменге бай жеміс пен көкөніс бағасының қолжетімді болуы қарапайым халық үшін маңызды дүние. Алайда мұндай тағамдық өнімдердің басым бөлігі сырттан тасымалданатын болған соң, базардағы баға жиі шарықтап, құбылып тұрады. Осы жағдайды ескерген Назарбаев мектебінің оқушылары «ақылды» жылыжай құрастырып, мәдени өсімдіктер өсіруді қолға алды.



Гүлдана ЖҰМАДИН

Жоба авторлары Жұлдызай мен Тоғжанның айтуынша, жобаны құрастыруға жылға жуық уақыт жұмсалған. Өткен жылдың қаңтар айында ұйымдастырылған информатик жарысына дайындалған олар бір ауыздан STEM технологиясы арқылы «ақылды» жылыжай асқауа шешім қабылдапты.

— Қазіргі таңда отандық нарыққа сырттан келетін көкөністердің көлемі күн санап артуда. za-kop.kz порталының мәліметіне сүйенсек, ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында импортталған көкөністің саны 50%-ға артқан. Қаламыздағы «Жайна» сауда орталығындағы көкөністің басым бөлігі Қытайдан келінеді. Сол себептен де қыс айында бір келі қиырдың бағасы 450 теңге болса, қызылша бағасы 500 теңгеге дейін өседі. Ал «Айтбек» базарында қияр мен қызылша Әзбекстан мемлекетінен тасымалданып, 550



Ылғалдық және температураны анықтау процесі



теңгеге сатылады. «Ескі базар» сауда орталығындағы да жағдай осындай, қияр 1000 теңгеден, қызылша 800 теңгеден сатылады. Біз тұтынушылардың қаражысы сыртқа жұмсалатынын көрген соң, жаңа жоба жайлы ойлана бастадық. Қаладағы желді әрі ысу аудармай мәдени өсімдіктердің өз дәрежесінде өсуіне кері әсерін тигізеді. Осыны ескере келе жаңа инновациялық технологиялармен жабдықталған «Ақылды жылыжай» жасап, онда мәдени өсімдіктер өсіруді қолға алдық, — дейді Жұлдызай Мұңайтпасова.

«Ақылды жылыжай» даңғылдары өсіру процесін жеңілдетіп қана қоймай, қол еңбегін барынша азайтатын мүмкіндікке ие. Ол үшін ауылшаруашылық қондырғысына Arduino микроконтроллерінің UNO3 толық жинағы қолданылады екен. Ал температуралар және ылғалдылық көрсеткіштерін анықтау үшін DHT11 сенсоры, топырақ ылғалдылығы мен жаңбыр, су деңгейін анықтау үшін Water sensor датчигі,

жылыжайды желдету мақсатында сервомоторлар, көрсеткіштерді көру мақсатында ITS дисплейі пайдаланылған.

— Су сенсоры Arduino-ға қосу арқылы су шығынының алдын алып, жаңбыр мөлшерін анықтауға болады. Ал ауаны тазарту мақсатында терезені автоматты түрде ашатын сервомоторлар орнатылған. Сервомоторлар — робототехникада, мехатроника және Arduino жобаларында жиі қолданылатын қозғалтқыштың бір түрі. Белме температурасын 25°C-тан 22-23°C-қа түсіру үшін терезелерді ашып, жылыжайды желдетуді осы құрылғы қолданылады, — дейді Тоғжан Марат.

Айта кетейік, жылыжай құрылысы ең белгіленген тұрады. Оқушылар оның бір бөлігіне шалғам (редиска), екінші бөлігіне салат жапырағын өсіріпті. Аталған өсімдіктер адам ағзасындағы метаболизмді жақсартып, иммунитетті нығайтады екен.

“АҚЫЛДЫ” ЖЫЛЫЖАЙДЫҢ АЛҒАШҚЫ ӨНІМІ



Жұлдызай МҰҢАЙТПАСОВА

Тоғжан МАРАТ

— Үй жағдайында өсіруге ыңғайлы Алекс F1 шалғамының ресейлік сорты — өте пайдалы, нәрлі көкөніс. Құрамында қыша майының көптігін өткір дәм береді. Шалғам көктем мезгілінде

адам ағзасы өлсіреп, дәрумендер жетіспеушілігі байқалған тұста аса қажет. Тамыр жемістің құрамы B1, B2, B5 сияқты дәрумендерге және ниацин, калий, кальций, фосфор, натрий, темір мен магнийге бай.

Шалғамның бір бөлігінің өзі адам ағзасындағы аскорбин қышқылының бір түрлігі қажетті ететін алады. Ал салат жапырағының құрамында Р, С дәрумені және кальций, темір, йод, калий, мырыш, фосфор, мыс секілді минералды заттар бар. Сонымен қатар көп кездесе

Шалғам, салат жапырағы, шалқан өсіру процесі



бермейтін лактуцинді де салат жапырағынан табуға болады. Ол жүйке жүйесін тынықтырып, ұйқыны жақсартады, ағзадағы тұз мөлшерін реттейді.

Мектеп асханасын осындай пайдалы көкөніспен қамтамасыз ету үшін жылыжайға аталған өнімдерді таңдадық, — дейді өнертапқыш оқушылар. «Ақылды жылыжай»

жобасының тағы бір ұтымды түсі, өсімдіктерді қажетті кезде ғана суару үшін тәжірибелі суару технологиясы таңдалған. Бұл технология топырақ эрозиясын азайтуды қатар, арам шөптердің өсуін тежеп, өсімдік ауруларының алдын-алуға көмектеседі. Тіпті мұндай жағдайда топырақты тегістету қажет болмаған соң шығын да азайды екен. «Шалғам өсімдігін аптасына 2 рет, салат

жапырағын 2-3 рет суарып отырған жөн», — дейді идея авторлары. Сондай-ақ оқушылар топырақ құярың жақсартатын тыңайтқыштар дайындауды да назардан тыс қалдырмапты.

— Жылыжайға жаңа көңді салуға болмайды. Сондықтан біз жылыжайда өсетін өсімдіктер үшін биогумус ретінде органикалық заттарды қолданып, жауын-құрттар көбейту арқылы топырақты құнарландырып, неғұрлым өсімдіктер үшін қолайлы жағдай жасадық. Сол үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты Самалбек Оразбайұлымен бірге биогумус дайындадық. Соның нәтижесінде екен өнімдер жылдам өседі, — дейді Жұлдызай.

Жобаны жетілдіру барысында оқушылар жан-жақты ізденіп, энергия көзін күн панелдерінен алуды жоспарлаған. Бұл отандық ресурстарды үнемдеуге және қуаттың баламалы көздеріне ауысуға мүмкіндік береді сөзсіз. Айта кетейік, оқушылардың тың идеясын жүзеге асыруға биология пәнінің мұғалімі әрі жоба жетекшісі Райхан Тәжі, информатика пәнінің мұғалімі және осы бағытта жұмыс жасайтын мектеп оқушылары көп көмектесті.

— Жобаның кейбір функциялары карантин режиміне байланысты аяқталмады, сондықтан өлі де жаңа технологиялық құрылғыларды қосуды қажет етеді. Айталық, күн батқанда қараңғылықты анықтайтын және белгіленген уақытта жарықтың жапыл-өшуін қамтамасыз ететін қозғалыс сенсорын орнату, температура белгіленген нормадан асып кеткен жағдайда светодиодтың жауы арқылы вентиляция жүйесін іске қосу жоспарымызда бар. Сондай-ақ

Шалғам Алекс F1-ге жасалған күтім:



қ қоршаған ауадағы көмір қышқыл газының концентрациясын дисперсиялық емес, инфрақызыл әдіспен анықтауға арналған CO2 газын анықтайтын датчик орнату жұмыстары жасалды. Алдағы уақытта мектеп жанынан поликарбонат материалынан тұратын «Ақылды жылыжай» құрылысын жүргізуді қолға алып, смартфон арқылы басқаруды іске қосамыз, — дейді оқу озаттары.

ДЕПУТАТТАР ЖАСАРДЫ МА?



Биылғы сайлау жаңаша сипат алды. Праймериз ұғымы қолданысқа өніп, партия кандидаттығына үміткер саясаткерлер жергілікті аймақтарда өтетін сайысқа түсіп, ұпай жинады. Кандидаттар арасында өйелдер мен жастарды 30 пайыз қамту көрегі Елбасы қатаң тапсырған еді. Бұл тапсырманың қаншалықты орындалғанын, жалпы сайлауда қандай өзгерістер орын алғанын саралап көрсек.

Айгүл ӨЛІШЕРОВА

Сайлау нәтижесі жарияланған күні-ақ Nur Otan партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Бәйбек «мәслихаттағы депутаттық корпус 6 жылға жасарды, бүгінде халық қалаулыларының орташа жасы 45 жасты құрайды» деп сүйінші сұрады. Бұдан бөлек мәслихат депутаттарының құрамы 65%-ке жаңарған.

— Nur Otan-нан сайланған барлық депутаттардың үштен бірі — өйелдер, 23%-ы 35 жасқа дейінгі жастар. Бұдан бөлек депутаттардың 11%-ке және 16%-ға артты. Осылайша партия Төрағасы Н.Назарбаевтың барлық деңгейдегі мәслихаттарда өйелдер мен жастардың үлесі саңып арттыру жөніндегі тапсырмасы толық орындалды, — дейді Бауыржан Бәйбек.

Сайлау нәтижесінде Nur Otan 76 мандатпен, Ақ жол 12 мандатпен және Халық партиясы 10 мандатпен Мәжіліске енді. Ал халықтың басым көпшілігі жеңіске жетеді деп сенген Адал партиясы үздік үштікке ене алмады. Десе де Мәжілістің құрамы сапалық тұрғыдан жаңа өсімдерімен толықты. Мәселен, еліміздегі ең жас депутат Мәди Ахметов — 25 жаста. Депутат болған күннен бастап сыңға қалған ол барша қазақстандықтарды өзін қолдауға шақырды.

— Депутаттыққа қандай да бір бизнес-жобалар немесе қандай да бір заңды алға тартып, оны дамыту үшін бармаймын. Мені ешқандай «ағашқа» қолдамайды. Бұл — зор жауапкершілік. Мен ол үшін бар білімім мен күшімді саламын. Nur Otan партиясында мен ең жас депутатпын, бірақ менің 30 жасқа дейінгі өрілгендерім бар. Мысалы, Ерұр Бөксенбаев, Вера Кім және басқалар. Біз бір-бірімізді қолдаймыз деп үміттенемін. Стереотипті өзгерту керек. Содан кейін біз «жастарға жол» дейміз, ал жастар келгенде «ол тым жас деп бастаймыз, — деп сыңға жауап қайтарды.

Бұдан бөлек жергілікті мәслихат депутаттары арасында ең жасы — жастарды дағуға болды. Қатарынан үш-төрт мәрте депутат болып зейнет жасына шыққандар орнын босатты. Олардың қатарында Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары, 71 жастағы Владимир Бойко да бар. Сонымен қатар партиялардың басым көпшілігі жаңа өсіммен толығып, халық алдында маңызды міндеттемелерді алға қойды. Праймериз әдісі де өз нәтижесін беріп, 36 жеңімпаз Парламентке өтті. Мемлекет басшысы ендігі сайлауда барлық деңгейдегі сайлау боллеттендеріне «Барын қарсымын» деген нұсқа енгізген жөн деген пікір айтты. Бұл ұсыныс та партиялардың қаншалықты жұмыс істегенін көрсетеді.

Қашанда жастардың бастамасын аға-буын қолдайтыны, тіптігі ескертілген сөзсіз. Ол үшін әрбір жастың ойы озық, сөзі өтімді болуы маңызды. Депутат болған жастарға сенімсіздік танытатындар да бар. Сол себепті билікке ұмытқан жастарды демеіміз көз келді. Осы тұста Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғаның «Ешқанда да билік басындағылардың алдында илмеміз» деген Мейкі ол Президент болсын... Рызқыт Алпадан сұранды» деп мінберде жастарға айтқан кеңесі еріксіз ойға оралды.

болуға жұмыс жасаймын. Жасым кіші болғанмен, үлкен үмітке толы ертеңгі күн біз үшін ортақ, — дейді жас депутат Нарбота Серәлі.

Жастардың депутат болғанына құнамыз. Аға-буын өкілдерінен жастайынан тәлім алып, тәжірибе жинақтаса дейміз. Ал ел ағалары не дейді?

— Сайлау өлгені жаңа жағдайда, саяси ахуалда өткізілгенін атап өту керек. Президент бастаған реформалар іске асырылды. Соның нәтижесінде бірталай заңға өзгерістер енгізілді. Осы сайлаудың жаңашылдығы — жаңа сайлау заңнамасына сәйкес өткізіліп отырғаны. Оның ішінде 30 пайыздық квота да бар. Мәжіліс, мәслихаттарда жастардың депутат болуы өте маңызды. Сонымен жаңа Мәжіліс пен аймақтық мәслихаттар өз жұмысын бастады. Құрамы шамамен 70 пайызға жастардан заң шығарушы органдарға артылған үміт зор. Тәжірибесі мол тұлғалармен қатар ел үшін маңызды қызметке жастардың көптеп тартылуы қуантады. Тек билеуші партияның депутаттық корпусы 6 жылға жасарып, орташа жасы 45 жасты құраса, депутаттардың үштен бірі өйелдер екен. Енді партиялардың ғана емес, ел әуелі халықтың сенімін ақтау тұрғысында аяңбай еңбек етуі қажет, — дейді саясаттанушы Расул Жұмаев.

Сайлаудан кейін Парламент жаңарып, жастарды депутат болуға шақырды. Қатарынан үш-төрт мәрте депутат болып зейнет жасына шыққандар орнын босатты. Олардың қатарында Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары, 71 жастағы Владимир Бойко да бар. Сонымен қатар партиялардың басым көпшілігі жаңа өсіммен толығып, халық алдында маңызды міндеттемелерді алға қойды. Праймериз әдісі де өз нәтижесін беріп, 36 жеңімпаз Парламентке өтті. Мемлекет басшысы ендігі сайлауда барлық деңгейдегі сайлау боллеттендеріне «Барын қарсымын» деген нұсқа енгізген жөн деген пікір айтты. Бұл ұсыныс та партиялардың қаншалықты жұмыс істегенін көрсетеді.

Қашанда жастардың бастамасын аға-буын қолдайтыны, тіптігі ескертілген сөзсіз. Ол үшін әрбір жастың ойы озық, сөзі өтімді болуы маңызды. Депутат болған жастарға сенімсіздік танытатындар да бар. Сол себепті билікке ұмытқан жастарды демеіміз көз келді. Осы тұста Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоғаның «Ешқанда да билік басындағылардың алдында илмеміз» деген Мейкі ол Президент болсын... Рызқыт Алпадан сұранды» деп мінберде жастарға айтқан кеңесі еріксіз ойға оралды.

ЖАҢА БАСШЫДАН НЕ КҮТЕМІЗ?



«Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры қызметіне Азамат Рысдәулетұлы Мукеев тағайындалды.

Мукеев Азамат 1989 жылы 14 тамызда дүниеге келген. 2007-2014 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде

«Информатика» мамандығы бойынша білім алған. Еңбек жолын 2011-2015 жылдары түрлі қоғамдық ұйымдарда жастармен жұмыс жасау, қоғаммен байланыс саласында: 2016 жылдан 2019 жылға дейін «Қоғамдық келісім» КММ-де әлеуметтік жобалармен жұмыс бөлімінің басшысы, 2019 жылдың қыркүйегінен 2020 жылдың қарашасына дейін директорының орынбасары; 2020 жылдың қарашасынан бүгінге дейін директор қызметін абыроймен атқарған.

ЖАҢА БАЛАБАҚША АШЫЛДЫ

Қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округі Ж.Махамбетов ауылында 120 орындық «Асыл-ай» бөбекжай-бақшасы пайдалануға берілді.



Қызылорда қаласы бойынша бүгінгі күнге жалпы саны 235 мектепке дейінгі білім беру ұйымы бар. Оның ішінде мемлекеттік балабақша саны – 28, мектеп жанынан ашылған шағын орталық 5, жеке балабақша саны 202. Ақсуат ауылдық округінде 7 балабақша, оның 5-еуі жеке, 2-еуі мемлекеттік. Бұрынғы балабақша 1983-1994 жылдар аралығында балабақша болып, кейін 1997 жылы Ж.Махамбетов ауылдық әкімшілігі төңіріміне берілді. 2013 жылдан бастап ғимарат пайдаланылмай бос тұрған. 2019 жылы балабақшаның күрделі жөндеу жұмысына облыстық бюджеттен 66 млн 653 мың теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес, жеңілдік мерзімі мерзіміне келген күрделі жөндеу жұмысын жүргізді. Енді ауылдықтар үшін барлық жағдай жасалған және бөбекжай-бақшасы жұмысын бастады. Мемлекет басшысы Жолдауында ұрпақ болашағы үшін балабақшалар мен мектептерде білім мен тәрбие берудің маңыздылығын айтқан

еді. Мұндай қамқорлықты әрбір Жолдаудыңан айқын аңғарамыз, – деді ауыл тұрғындарын балабақшаның ашылуымен құттықтаған қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов. Айтпа кетейік, өткен жылы «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Ақсуаттағы №143 орта мектепте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жаңа оқу жылында №143 орта мектеп пен №268 мектеп-лицейі баланыңан тұрмысы төмен және көп балалы отбасынан шыққан 99 бала компьютер, планшет және 131 бала нәуітүкпен қамтылса, «Мектепке жол» акциясы аясында 21 планшет, 1 смартфон, 29 оқу құралы табысталды. Сонымен қатар атаулы әлеуметтік көмек алушы тұрмысы төмен, көп балалы отбасынан 118 оқушы мектеп формасымен, аяқ киім, спорт киімдерімен және оқу құралдарымен қамтылды. Қазіргі таңда бекітілген шектеулерге байланысты екі мектепте 48 кезекшілік топ жұмыс жасап, 771 бала білім алууда.

ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ ТАБЫСТАЛДЫ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Наурызбай Байқадамов Мақсұт Нәлібаевпен кездесіп, оларды жаңа қызметімен құттықтады.

«Сіздер бұған дейін де еліміздің даму жолында аянбай қызмет етіп, облыс әкімінің орынбасары, кеңесшісі қызметін атқардыңыздар. Ағымдағы жылдың 10 қаңтары күні өткен сайлау нәтижесімен облыстық мәслихаттың депутаттығына өттіңіздер. Сіздерді сайлау нәтижесімен, облыстық мәслихаттың депутаты болуларыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Аймақтың

әлеуметтік-экономикалық дамуында оң тенденцияның қалыптасуы мәслихаттың жұмысымен де тікелей байланысты екенін ерекше атап өткім келеді», – деді облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова. Мұнан соң аймақ басшысы қос депутатқа Құрмет грамотасын табыстады. Наурызбай Байқадамов пен Мақсұт Нәлібаев көрсетілген құрмет үшін аймақ басшысына алғыс айтты.

ҚОРҒАНЫС БӨГЕТТЕР ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУДЕ



масы басшысының орынбасары Бағдат Әлиев мөлімдеді.

Биыл облыста су тасқынының алдын алу мақсатында қорғаныс бөгетінің үш учаскесіне жөндеу жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ екі дана гидротехникалық құрылыс салынады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Әлиев мөлімдеді.

– Өңірде жыл сайын су тасқынының алдын алу мақсатында қорғаныс бөгеттеріне зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қауіпті деген учаскелер анықталады. Қажетті қаржы бөлініп, аса қауіптілері қалпына келтіріліп, нығайтылады. Қыс-көктем мезгілінде дария деңгейін бақылауда ұстап тұруға арнайы техника, жауапты мамандар бекітілді. Күнделікті мониторинг жұмыстары жүргізілуде. Дариядан келер қауіп жоқ, – деді Бағдат Әлиев.

Өткен жылы қорғаныс бөгетінің 16 учаскесі жөнделіп, тазалау жұмыстары жүргізілді.

ЭЛЕКТРОНДЫ ТӨЛЕМГЕ ДАЙЫНДЫҚ

Енді жол ақысын «Мой Веeline» ұялы қосымшасы арқылы төлеуге болады. Аталған оператордың қызметін қолдану арқылы жолашушылар 10 теңге үнемдей алады. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте «Але-рау» ЖШС филиал директорының орынбасары Абат Бақытбекұлы баяндады.



Бүгінде қаладағы қоғамдық көлікте жол жүру құны 90 теңге, ал электронды карта арқылы төлем жасаушылар үшін 85 теңге көлемінде бекітілген. – Біз жолашушыларға электронды төлем жасау түріне көшуге кеңес береміз. Бұл арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға болады. Тісінше электронды жүені қолдану арқылы төлемнің тиесілі орныға түсуіне жағдай жасайсыздар. Сондай-ақ қанша жолашушы қоғамдық көлік қызметін пайдаланғанын есептеуге мүмкіндік туады. Біздің мақсатымыз – қызмет сапасын арттыру, – деді Абат Бақытбекұлы.

Тұрғындардың ұсынысына сәйкес, барлық банк карталары мен қосымшалары және ұялы байланыс операторлары арқылы да төлем жасауға болады. Бұл QR код немесе СМС жолдау арқылы жүзеге асады. Ескеретін жайт, аталған жүйемін есептесу автобус паркіне қарасты 5 бағытта қызмет көрсететін автобустарға ғана қатысты.

838 ОТБАСЫНА КӨМЕК

ҚМДБ «Зекет» қорының ұйымдастыруымен «ҚМДБ – қайырымдылық жаршысы» атты республикалық онлайн марафоны өтті.

«Тайқазан» жобасы аясында жүзеге асырылған қайырымдылық шарасы еліміздің барлық аймағынан қолдау тапты.

Осы ретте, ҚМДБ-ның Сыр өңірі бойынша өкілдігіне қарасты мешіт имамдары мен белсенді жамағаттары игі жобаға үлес қосып, облыс бойынша 838 тұрмысы төмен отбасына азық-түлік пакетін таратты. Жалпы республика бойынша бір мезетте 9 мыңға жуық отбасына көмек көрсетілді.

КИБЕРБУЛЛИНГ. БАЛА БОЛАШАҒЫНА АЛАҢДАУ

Қызылорда облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы Назарбаев Зияткерлік мектебімен бірлесіп, Достық үйінде «Кибербуллинг. Бала болашағына алаңдау» тақырыбында мазмұнды кездесу ұйымдастырды.

«Кибербуллинг бізге түрлі жолдармен әсер ете алады. Бірақ оны жеңуге болады. Ол үшін адам өз-өзіне сенімді болуы керек. Тіпті отбасындағы ең сенімді қарым-қатынас кезінде ата-аналар кейде балаға қауіп төндіретін қатерді уақытында байқай алмайды және оның алдын-алуды әрдайым білмейді. Сол себепті баладағы мазасыз мінез-құлық, депрессия, мектепке барғысы келмеу – баланың агрессияға ұшырауының ең айқын белгілері екенін көрсетеді. Сондай-ақ егер бала интернетте уақытты өткізуді ұнатса және оны кенеттен тоқтатса, себепті анықтау маңызды», – деді Сымбағұл Әбдірахманова.

99678 АДАМ ӨТІНІШ БЕРДІ



Брифингте облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Сұлтан Мақашов мөлімдеді.

– Өңірде инвестициялық жоба аясында 36 жер учаскесі берілді. Бұған қоса, кәсіпорнікті дамыту мақсатында жерді сауда-саттық жолмен айналымға алуға өткен жылы 30 аукцион өткізілді. Нәтижесінде 220 аумақ жер сатылды. 159,2 млн теңге бюджетке түсірілді. Ал ауыл шаруашылығы жерлерінің айналымына 60 мың гектар жер алу жоспарланған, 66,3 мың аумақ берілді, – деді Сұлтан Ысқақұлы.

Ал биыл қаланың шекараларын анықтау және бекіту, аймақтарға бөлу және түзету коэффициенттерін бекіту жұмыстарын жүргізуге бюджеттен қаржы бөлінді.

Бетті дайындаған: Мөлдір КЕНЖЕҒҰЛОВА

ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНА ІРІКТЕУ



Қызылорда қаласындағы тоғызқұмалақ интеллектуалдық клубында облыс чемпионаты өтті.

Республикада эпидемиологиялық ахуал қалыпты болған жағдайда спортшылар наурыз айында Тараз қаласында, сәуір айында Ақтөбеде өтетін ҚР командалық чемпионатында облыс намысын қорғайды.

Облыс чемпионатына Қызылорда қаласы мен аудандардан 70-ке жуық спортшы қатысты. Олардың арасында 2 ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 6 спорт шебері, 28 спорт шеберлігіне үміткер және қалғандары І спорттық разрядты спортшылар болды.

Жарыс швейцар жүйесі бойынша классика түрін 8 турда өткізілді. Жарыс нәтижесінде ұлдар арасында сырдариялық Бексұлтан Бостандықов І орынды, жаңақорғандық Ермұхамед Әлібай ІІ орынды, қазалық Сәбит Шүгенбаев пен қызылордалық Асылбек Қаржаубаев ІІІ орындарды иеленді.

Қыздар арасында жалағаштық Қызылбек Әбілда алтын медальға ие болса, қазалық Ұлдана Махамбеталин күміс, Сырдария ауданының спортшысы Ақерке Кенжебекова мен Қазалы ауданының спортшысы Әйгерім Жомалова қола жүлдені еншіледі.

«Үздік ойын көрсеткені үшін» номинациясымен қызылордалық Алтынай Жаңызова мен қазалық Серік Ержабаев марапатталды. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерге Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының диплом, медальдары табысталды.



Қазіргі күнгі ең өзекті мәселенің бірі кибербуллинг тақырыбында ербіген іс-шараға психолог Сымбағұл Әбдірахманова, Назарбаев Зияткерлік мектебінің еріктілері, этнос жастары, ата-аналар және БАҚ өкілдері қатысты.

«Кибербуллинг – бұл сандық технологияны қолдану арқылы оркестру және қуалау. Ол әлеуметтік желілерде, хабар алмасу қосымшасында, ойын платформасында және ұялы телефонда өтуі мүмкін. Жыл өткен сайын галамтор қолданатын балалардың саны артып келеді. Бұл әріне алаңдатпай қоймайды. Қазір жасөспірімдер арасында болып жатқан бұзақылықтың

барлығы галамтордың әсерінен. Балалар интернетте көргені өмірде қайталайды. Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, бүгінгі кездесуді ұйымдастырып отырмыз», – деді кездесудің модераторы «Қоғамдық келісім» КММ бөлім басшысы Қанат Ақылбеков. Кибербуллинг балаларға зиянды және ұзақ мерзімді әсер етуі мүмкін. Сол себепті онымен қалай күресуге болады? Ол үшін ата-ана, кибербуллингке ұшыраған балалар не істеу керек? Оның алдын-алу, т.б. өзекті мәселелер төңірегінде Назарбаев Зияткерлік мектебі «Еріктілер орталығының» белсенді мүшесі Дильназ Сұлтанбекова айтып берді.



Қараңдаштың ұшынан мүсін жасауға болатынын бұрын-соңды естідіңіз бе? Әрине, жоқ. Себебі мұндай өнер түрімен айналысатындар саны саусақпен санарлықтай. Мәселен, әлем бойынша қараңдаштың ұшынан мүсін жасайтын тек үш адам бар. Олар Нихат Озджан және Салаут Фидай және орадалық Нұрбол Бақтығалиев. Нұрбол – Батыс қазақстан облысы Сырым ауданында дүниеге келген. Қазір Алматы қаласының тұрғыны. Ол қараңдаштан туынды жасайтын әлемдегі үшінші, ал Қазақстандағы алғашқы адам. Қараңдашпен мүсін жасаудың қыр-сырын, бұл өнер түрімен айналысуға деген қызығушылығы қалай пайда болғанын кейіпкерімізден білдік.



АЛҒАШ ДОМБЫРА ЖАСАДЫМ

Елімізде қараңдаштың ұшынан ойып мүсін жасау өнерімен ешкім айналыспайды. Яғни қызығушылық жоқ. Ең алғаш 2017 жылы Instagram-мен Салаут Фидайдың осындай мүсіндерді жасағанын көріп қатты қызықты. Содан неге осылай жасап көрмексе деген ой келді. Алғашқы мүсінді ешқандай жәкетті құралдар болмаған соң, аласпен ойып домбыра

жасадым. Оны жасауға 3 сағаттай уақыт кетті. Қазір біршама қолым үйренді, одан қалды жұмыстың күрделілігіне қарай уақыт алады. Түрліластарым алғашқы туындыма қызығушылық танытып, одан әрі іздениме, шабыттануыма септігін тигізді. Мұндай шығармашылық түрімен тек бос уақытымда айналысамын. Алғашқы туындыларымын қатарында «Барселона» футбол клубының

белгісі, жылқы, жүрек, түрлі елдердің сәулет ғимараттарын бейнеледі. Марқұм Денис Теннің бейнесі де жасадым.

ЖАРНАМА ЖЕТІСПЕЙДІ

Өнер иелерінің туындылары әлемдік нарықта 500-ден 3000 АҚШ долларына дейін бағаланады. Ал біздің елде мұндай өнерге қызығушылық танытандар жоқтың қасы. Көпшілігі шымдамылық

пен тейімді, көп уақытты алатын өнер түрі деп ойлайды. Қызығушылық танытамын деген жастарға ержахан үйретуге дайынмын. Алды уақытта бұл өнерді дамытып, шеберхана ашу жоспарда бар. Қазірдің өзінде 100-ден астам мүсін жасадым. Жәкетті құрал-жабдықты Қытайдан алдыртамын. Ал енді айналысамын деушілерге кеңсе тауарын сататын дүкендерден де жәкетті

құралдар табылады. Алғашқы туындыларымынның бірін тек таныстарыма саттым. Бұл өнерді елімізде дамыту үшін жарнама жасау қажет. Көпшілік қараңдаштан мүсін жасауға болатынын тіпті білмейді. Сол себепті қаншалықты жарнама көп болса, яғни сұраныс артса, бұл өнерге қызығушылық танытатындар да көбейеді.

Айгүл ӘЛІШЕРОВА



Нұрбол БАҚТЫҒАЛИЕВ



Ерсін ОРЫНБАСАРҰЛЫ

Ерсін ОРЫНБАСАРҰЛЫ, жас кәсіпкер:

ҚҰРЫЛЫС ЗАТТАРЫ ӨҢІРДЕ ӨНДІРЕЛЕДІ

«Жұмысы жемістінің – өмірі келісті» өкени рас. Бүгінде шағын және орта бизнесті дамытуға жүйелі қолдау бар, бастысы, халықта ниет пен мақсат болса болғаны. Мемлекет берген мұндай мүмкіндік ауыл жастарына да жаңаша серпін беруде. Сөзімізге Қармақшы ауданына қарасты Дүр-Өңар ауылының тұрғыны, жас кәсіпкер Ерсін Орынбасарұлының жаңа бастамасы дәлел.

Бала күннен ҰҚК қызметкері болуды армандаған Ерсін Орынбасарұлының негізгі мамандығы – инженер-механик. Алматы аграрлық колледжін тәмамдаған ол кәсіп ашуға әскери борышын өтеп келгеннен кейін тәуекел етіпті. – Өкем әрдайым бастамама қолдау білдіріп, жігерлі сөзімен демеу отырады. Сондықтан болар, бизнес бастауда ешқандай қорқыныш болған емес. Аймақта жылдан-жылға құрылыс жұмыстары қарқынды дамып келеді, сол үшін осы салаға жәкетті материалдарды шығаруды қолға алдым. Қай бастаманы қолға алсақ та, бірі бірден жарты болып кетпейтін рас. Қазіргі таңда жұмысымыз

жаймендеп ілгеріленіп келеді, – дейді Е. Өтепов.

Жас кәсіпкер «Бастау бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша оқыту курсы тәмамдаған. Осыдан соң негізгі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы арқылы мемлекет тарапынан 5 миллион теңге несие алыпты.

– Бір саланың өз қиындығы болады. Бастапқыда шикізатты табу, әкелу жолдарын ұзақ іздегірдік. Қазір құрылысқа жәкетті шеге, тор сым, тікен сым сынды өнімдерді өзіміз шығарып жатырмыз. Ал шикізатты Шымкент қаласында орналасқан кәсіпорымымен келісімшарт

жасап алдыртамын. Барлық өнімнің бағасы тұрғындар үшін қолжетімді. Себебі осыған дейін өңірге құрылыс заттары сырттан тасымалданған соң қымбатқа түсетін. Осы жағдайды ескеріп, өңірдегі халықтың қалтасына қиынды болғаны дұрыс деп шештім, – дейді жас кәсіпкер.

Еті тірі, жаңа іске ебі мол Ерсін ауыл тұрғындары үшін әлеуметтік желілердің қолжетімді өкінін және сол арқылы кәсібіне жарнама жүргізетінін хабарлады. Сонымен қатар алдағы уақытта аймақ жастарын жұмыспен қамтып, құрылыс заттарын өзге де облыстарға жеткізуді көздеп отыр.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Гүлнұр БОРБАСОВА

Тоқымашы Гүлнұр

Балалық шағымызда анамыз бәрімізге тоқымадан шұлық тоқып беретін. Бір күні жемпір, бір күні жейде тоқуды әдетке айналдырған. Анамыздың қолдан тоқыған киімімен қыс бойы жылы жүруші едік. Қазір де немерелеріне шұлық пен қолғап тоқып береді. Анамыздан үйренген біз қолымыз босаған сәтте тоқыма жіпті қолымызға аламыз. Оны тоқу өте оңай емес. Теріс, оң болып тоқылатын кезде қайта сөкпеу үшін қателеспеген абзал. Одан қалды күртенің жеңін шығару, өтегі, белі бар. Сондай-ақ шұлықтың өкшесін шығару да бір ғанибет.

Қазір базарға бара қалсаңыз, қолдан тоқылған киімдердің бағасы асқақтап тұр. Мәселен, шұлықтың бағасы 2000 теңге. Бір шұлықты сатып алсаңыз, қыс бойы аяғыңыз жылы жүреді. Ал тоқымадан тоқылған жемпір мен қалпақтың бағасын өзіңіз пайымдай беріңіз. «Неге қымбат?» деп те сұрай алмаймыз, себебі бұл таза еңбек. Адамның көз майын тауысып жасалатын жұмыс. Зейнетінен бейнеті көп. Ең қиыны, көзді ауыртады. Ал осы жұмысты кәсіп қылып отырғандарды көргенде риза боласыз. Себебі ілмешекті алып, тоқыма тоқып отырғандарды сирек көздікестіреміз. Соның бірі қызылордалық – Гүлнұр Борбасова. Бастапқыда хобби ретінде айналысып, кейін бұл істі қолға алды.

Ол – «Бастау» жобасының 2019 жылғы түлегі. Негізгі мамандығы IT саласымен тікелей байланысты Гүлнұр Алматы қаласындағы елімізге белгілі банкердің бірінде жұмыс жасаған. Тұрмыс құрып, балпы болғаннан кейін бала күтіміндегі кезеңді босқа өткізілгені деген жас ана тоқыма тоқуды әдетке айналдырады. Бұйымдарды тоқуды виртуалды курстардан үйренген Гүлнұр уақыт өте келе тоқыған өнімдері табыс көзіне айналдыруды көздейді. Анасынан «Бастау» жобасы туралы естіген ол Кәсіпкерлер палатасынан кеңес алып, жоба аясында біліктілігін жетілдірді.

«Тоқыма тоқығанды ұнатамын. Көп уақыт алатыны белгілі. Дегенмен бастаған ісін аяқталып, ойдағыдай шықса, барлық шаршағанды ұмытасын. Оның үстіне тоқыма киімдер сәннен түспейді. Адамдардың көбі қыс мезгілінде тоқым қалмас үшін тоқыма киімдерге құмар. Кәсіппен айналысамын деген адам ең алдымен осыны меңгерсе болады. Бастау» жобасын 2019 жылы оқыдым. Ол кезде курс оффлайн жүргізілді. Бизнес-тренер Наталья Мишуковадан сабақ алдым. Бизнесті бастаудың алғышарттарымен танысып, салықтық және өзге де есептіліктерді тапсыруға қатысты құнды ақпараттарға қанық болдым. Осылайша қызығушылықтан басталған іргілімді теңеге айналдырудамын», – дейді жас кәсіпкер Гүлнұр Борбасова.

«Бастау» жобасынан сертификатын алған соң, курста әзірлеген бизнес-жоспарын «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында гранттық комиссия алдында қорғап, 530 мың теңге қайтарымыз қаржыға қол жеткізді. Бүгінде Гүлнұр қолдан әр мезгілге арналған бас киімдерді, шарфтарды, сөмкелердің түр-түрін тоқиды. Енді кеуделеріңді тоқуды қолға алды.

Гүлнұр өзінің өнімдеріне жіптің сапасына ерекше мән береді. Қазір италияндық жіптерді қолданып жүрмін. Арнайы тапсырыспен алдырармын. Таза, меринос қойының жүнінен әзірленген. Табиғи өнім болғандықтан бұл жіптен тоқылған бас киімдерді жаңа туылған сәбеге де кигізуге болады, терлетпейді. Бас киім, шарфтарды тоқып болған соң жұлып, арнайы таспамен кептіріп барып тапсырыс берушіге ұсынамын», – дейді кәсіпкер.

Ал грантты қаржыға жаңада тоқыма машинасын сатып алды. «Тоқыма машинасы еңбек өнімділігі үшін маңызды. Бұйымдарды қолдан тоқу барысында біршама уақыт кетіп қалады. Кей бұйымды 2-3 күнде әзірлеймін, күрделілеріне 1 аптаға дейін уақыт кетеді. Ал тоқыма машинасы бұл оқылықтың орнын толтырады деп үміттенемін. Себебі өнімнің санының артуы табысқа да әсер етері сөзсіз», – дейді Гүлнұр Борбасова.

Гүлнұр жас аналарға, өзі секілді жастар мен қыз-кейіпшектерге қолынан келетін қабілеті кәсіпке айналындыруға кеңес береді. «Тоқыма тоқығысы келетін жастарға кеңес беруге дайынмын. Оң, теріс тоқып үйретуге, әрі қарайғы жұмыстарды да көрсетуге дайынмын. Бастысы, адамның өзінің құлшынысы, қызығушылығы болса болғаны. Бүгінде кімнің немен айналысқаны келсе де тоқтау жоқ. Қай сала болсын, мүмкіндік жеткілікті. Бастысы, сол мемлекеттің қолдау тектесі тиімді пайдалану керек. «Бастау» жобасын осындай тиімді құрал едік. Өте ыңғайлы бағдарлама», – дейді жас кәсіпкер.

Мөлдір КЕЖЕҒҮЛОВА

АДАМНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ

Сәбі дүниеге келгенде аппақ паракат болады, оның қандай болатыны жанындағы адамдарға, берілген тәрбиесіне байланысты. Болашақта балаларымыз үлкен адам, бетке ұстар тұлға болуы үшін не істеу керек?



Мұхаммед Әли «Чемпион жаттығу залдарында пайда болмайды. Адамның ішіндегі құлшыныспен, арманнан, мақсаттан чемпион туады» деген. Сол секілді аппақ паракат тек жаксылыққа толтырып, әрбір баланы армандауға, мақсат қойып, нәтижеге қол жеткізуге талпындыру қажет. Яғни аппақ паракатымызға қос қанат керек. Оның бірі – арман болса, екіншісі – мақсат. Ал ақ паракаты әрбір адамның өзге дер еді. Ешкімнен бөліспейтін, тек өзің үшін қажет өзекті арман мен мақсат қанаттандыратындай. Арман деген не? Мақсат ше? «Армансыз адам – қанатсыз құспен тең» деген сөз бәз біреулер үшін жағымсыз естілуі мүмкін. Шын мәнісінде, бұл сөздің астарында үлкен шырыл бар, үндеу бар. Қанатсыз

құс ұша алмайтындай, армансыз да өзіндік биіктен көре алмайтындығы түсіндіреді.

Ғ.Мұстафин «Арман деген көп белеп, бірінше шықсаң, бірі бар» деген. Түсінігіміше, арман – адамның ұзақ өмір сүруіне себеп. Алға қарай ұмтыла түседі, ұмтылдыра береді. Ал мақсат деген не? Мақсат – сен қалайтын, орыңдалса екен деп тілейтін армандарыңа апарар жол. Мақсатсыз болмаса, армандарың бұлшыңыр бір елестей боп қалуы ғажап емес. Осы тұста Альберт Эйнштейннің: «Егер бағытты өмір сүргі келсе, адамдар мен нәрселерге емес, мақсатқа тәуелді болыңыз» деген сөзі ой саларлықтай.

Білесіз бе, арман мен мақсат жайлы бұрын не ойлады, қазір не

ойлаймын? Арман – ол уақыт өте келе өзгеріп, құбылып, түрленіп, жаңарып тұратын нәрсе. Сенің ой-санаммен, біліміңмен бірге құбылып отыратын өзгермелі материя. Мысалы мен, мектеп қабырғасында журналистика мамандығында оқысам деп армандағаным. Қазір сол арманыммен алға қадам басып келемін. Ал қазір 18 жастағы қыз басқаны арман етеді, басқаны мақсат етеді. Ол қандай арман деген сұрақ туындауы орынды. Ал менің ішкі өзегім ешкімнен бөліскенді қаламайды.

Алға ұмтылу – өмірдің мақсаты осы емес пе? Өмірдің мақсаты

жету жолындағы іс-әрекеттің парасаттылығы мен пармәнділігіне, еңдеше тұрмыс – тіршіліктің әрбір сәтінде алда үлкен мақсат тұруға тиіс. В.Гюгоның: Кім білсем десе, сол болу ұлы адамның ісі де, қолынан келгені болу – әр адамның ісі екенін ұмытпау керек! Армандай білу керек! Мақсатқа қол жеткізу қажет! Осылардың барлығы болу үшін Хакім Абайдың мына бір өлең жолдары қару болады деп ойлаймын.

Қайғы келсе, қарсы тұр, құлай берме. Қызық келсе, қызықта, оңғақша ерме. Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде. Соған тапқан – шын асыл, тастай көрме.


Адина ҰЗАҚБАЕВА,
ҚМУ-ДЫҢ IV КУРС СТУДЕНТІ

Бүгінде ел естімеген, ақылға қоныссыз аудармалар көбейіп кетті. Мысалы, няня – әлдиші, нянчить – әлдишеу, йогурт – ұйығұрт, розетка – үңгі, вилка – сүңгі, клавиш – теруші, клавиатура – термекіл, носки – ұйық деп аударуға ұсыныс берілген. Бұл сөздер әлі аударылған жоқ. Тек termcom.kz сайтында талқылануда. Ал талқылауға елдің кез келген жанашыр азаматы қатыса алады. Бұл сайттың телеграмм боты да бар. Сайтта 376 343 термин енгізілген. Ең қызығы, қазақша аударылған термин сөздерге көңілі толмайтындарға «Алаң» блогы ашылған. Өзіміз де терминдерді сәтті аударып, қазақы терминнің жасалуына ықпал ете аламыз. Қарап отырмай, термин сол күйінде болу керек демеі, терминнің барлығын бастапқы күйінде қалдыра беретін болсақ, бара-бара тек терминмен сөйлеуге айналамыз. Сондықтан әр сөздің сапалы, әрі мағыналы аударылуын қамтамасыз ету үшін өз ойымызды білдіріп, белсенділік танытайық.

Қазір сайтта қызу талқыға түскен күнделікті қолданыстағы клавиш сөзі. Аудармаға Сая Ағанасқызы былайша ой қосқан.

– Клавиш – теруші дегенге келісемін. Бірақ "тернетақта" сөз қолданысында тым жақсы кірігіп, сіңіп кетті. Қолданысқа енген терминдерді қазбаларданан не ұтамыз? Кезінде ушақ терминін де бірсыпыра мамандар қаншама сынаған. Десек те, уақыт бұл терминнің өміршеңдігін көрсетті. Бір өкініштісі, әнұран, мұрағат сияқты ұлттық реңкі мен мағынасы айқын

САУАТСЫЗ АУДАРМА САН СОҚТЫРУДА



Қазір қолданыстағы сөздерді қазақшаға аудару мәселесі жиі қозғалады. Тіпті күннен-күнге даулы мәселеге айналуда. Жақында туысымыздың үйінде бас қосуда інім аспан татақ жейсіздер ме деп күле береді. Ол не деп сұрасам, бананың қызқаша аудармасы ғой деп күледі. Аудармасы күлкілі естілгенмен, бұл жылдайтын жағдай.

терминдеріміз осындай әрі тарт та бері тарттың салдарынан қайтадан гимн, архив болып өзгеріп шыға келді. Сондықтан мектеп бағдарламасына еніп, құлаққа сіңіп қалған терминдерді қозғамаған дұрыс, – дейді.

Рас, құлақ үйренген аударманы өзгертеннен ешнәрсе өзгермейді. Оны халықтың қабылдауы да екіталай. Сондықтан барлық термин мен кірме сөздерді қазақ тіліне аударудың қажеті жоқ. Өйткені термин халықаралық атау. Одан қала берді әр ел терминдерді өз қалауынша атап, оған балама атау беру жөнсіз. Ал кейбір тұрақты терминдерді қалдыру маңызды. Өсіресе медицина тіліндегі терминдерді аудару үлкен күшті талап етеді. Бұдан бөлек, мектеп бағдарламасына еніп кеткен сөздерді аударудың да қажеті шамалы. Өйткені жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес, үштілді білім беруде халықаралық атауларды аудару оқушылардың жаттауына қиындық туғызады. Осы уақытқа дейін крокодил – қолтырауын, бегемот – сусыыр, жираф – керік, холодильник – мұздатқыш болып аударылғанына құлақ үйренді. Ал осы крокодилді орыстар шетелден енген сөз деп аударған жоқ. Белгілі бір заңдылыққа сүйеніп, қалпында қалдырды. Бізге де халықаралық терминдерді сөзсіз аударғаннан гөрі, сол қалпында қалдырған жөн сияқты. Өйтпесе, келер ұрпақ алдында сөз басында менің інім айтқандай, күлкіге қалар түріміз бар.

Айгүл ӘЛШЕРОВА

100 ДОЛЛАРДАН ҚАШАН АСАМЫЗ?



Жуырда әлем елдері биылға арналған ең төменгі жалақы мөлшерін бекітіп, жариялады. Осы рейтингте Қазақстан 88 доллармен яғни 42500 теңгелік көрсеткішпен ең соңғы орынға жайғасқан. Бір қызығы, тәуелсіздігімізді қатар жариялаған елдер бізден көш бастап тұр. Ал жалақының басым бөлігін тамақ алуға жұмсайтын елдер рейтингінде Қазақстан Африка елдерінің қатарында Нигерия, Кения, Камеруннан кейінгі 4 орында. Бұл да қуанатын жағдай емес. Сөбебі дамыған елдер жалақысының 7-12% ғана тамаққа жұмсайды. Ал біздің елде қымбатшылық шарықтау шегіне жетті. Бұлай қол қусырып отырсақ, өртеңгі күніміз не болады?

42500 теңге бір ай өмір сүруге жетпейтінін білік білмейді емес біледі. Бірақ неге екені белгісіз бұл көрсеткішті көтеруге құлықсыздық танытады. Еліміздің Қаржы министрлігі «2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» ҚР заңының жобасын әзірледі.

– 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап: жалақының ең төмен мөлшері – 42 500 теңге; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төмен мөлшері – 18 524 теңге; зейнетақының ең төмен мөлшері – 42 272 теңге; жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 917 теңге; базалық әлеуметтік төлемдерді мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы – 34 302 теңге болып белгіленсін, – делінген заң жобасында.

Бұл заң жобасы екі жылға бекітілгендіктен, 42500-ден әзір арылмаймыз. Ал ұлттық экономика министрлігі жасаған статистикаға сүйенсек, елдегі орташа айлық 21000-нан асады-мыс. Ең төменгі жалақы мөлшері мен орташа жалақы мөлшерінің арасы жер мен көктей болып тұрғаны. Бір қызығы, еліміз ең төменгі жалақы мөлшерінің рейтингінде ең соңғы орында тұрғанымызбен, айыппұл салуда көш басында екенбіз. Мысалы, Испанияда ең төменгі жалақы мөлшері теңгеге шаққанда 525 000 теңге болса, ал беттерде тапқандар үшін айыппұл мөлшері – 50 мың теңге. Сондай-ақ Франция мен Нидерланды елдерінде де төменгі жалақы 800 мың теңгеден жоғары, ал айыппұл – 45 мың теңге. Өріге бармай-ақ көршілес Ресейді мысалға алар болсақ, ең төменгі жалақы мөлшері 58 мың болса, айыппұл мөлшері – 29 мың. Ал бізде ше? Ең төменгі жалақы 42500, ал айыппұл одан екі есе жоғары 83 мың теңге. Осы көрсеткішке қарап, елдегі айыппұл мөлшерін бекітетіндер ең төменгі жалақы мөлшеріне қарай емес, жоғары жалақы көлеміне қарай есептей ме деген ой келеді. Өткен жылы 3 айдан ішінде беттерде тапқандар төлейтін айыппұл сомасы – 62 миллион теңгеден асқан. Одан кейін де бұл көрсеткіш көмір артаса, кеміген жоқ.

42 мың 500-дің жыры мүлдем бітпейді. 2011 жылы елдегі ең төменгі жалақы мөлшері 15999 теңге, яғни 100 доллар. 2021 жылы да ең төменгі жалақы 42500, тағы да 100 доллар. Қанша жыл өтсе де 100 доллардан әрі аса алмай келеміз.

А.ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

ҚАҒЫЛҒАН ШЕГЕ



Пирсинг жасату жастар үшін сөнде. Осы уақытқа дейін қаншама жас мұрны мен тілін тескізіп пирсинг жасатқан. Ал биыл саусақты тесіп, сақина тағу сөнде. Құлаққа сырғаның түр-түрін таққандарға жақтырмай қарайтынымыз анық, ал саусақтағы пирсингті көргенде қандай күйде болатынымыз белгісіз. Бастысы, еліктеуде өздерін құрбан өтетін жастар көбеймесе дейміз.

Бүгінде бойжеткендер сұлулық үшін ештеңеден тайынбайтын тәрізді. Желідегі бойжеткендердің суреттеріне көз жүгіртсек, саусағының терісін тесіп, гауһар тас орнатқан. Өшекейдің мұндай түрі бірден көпшіліктің назарын аудартып, жұрттың қызу талқысына түсуде.

“Бір күні вконтakte желісінде отырғанымда бойжеткендердің өрекше суреттері көзіме түсті. Аңғарып қарасам, сақиналары гауһар тас. Оның үстіне сақинаның тек көзі ғана көрінеді, саусағы қызырып кеткен. Сөйтсем бұл соңғы үлгідегі сән үлгісі екен ғой. Жаппы пирсингке

қарсымын, ата-анам да түбегейлі қарсы. Сосын да мұндай нәрселерге алыстан қызығушылық танытамын, ерік өзімде болса, әрине жасатуға қарсы емеспін. Не дегенмен сұлулық құрбандықты қажет етеді емес пе? – дейді желі қолданушысы Аяулым.

Бір қызығы, пирсинг жасайтын салондардың бірі дестүрлі түрде неке жүзкітерін пирсингке алмастыруды ұсынған. Алайда саусақтың жазылуына бір жыл уақыт кетеді екен. Егер отбасын құруға немесе айырылысуға қатысты өзгеріс болып жатса, қиындық туындайтынын да жасырмаған.

Пирсингтің барлығын көріп шықтық, өзіме уаған суреттерді де болды. Бір сақинаға ғана тоқталмай, барлық саусақтарын тесіргендерді көрдім. Жасыратыны жоқ маған қатты ұнады. Дегенмен бұл қазаққа, оның ішінде ауылда тұратын қыздарға тән емес. Бізде алдымен “ата-анам не дейді?”, “көрші-қоланың қандай ойы бар?” деген түсінік басты орында тұрады”, – дейді Малика есімді бойжеткен.

Рас, жастардың дені еліктегіш келеді. Олар сәнге айналған нәрсенің бәрін орындап, киетін киімді киіп, несиеге болса да соңғы шыққан қалта телефонын алуға құмар. Сондықтан да қағылған шегені бойжеткендердің көбі пайдаланады ма деп қорқамыз. Қазіргі таңда табиғи сұлулықтан жасанды сұлулыққа жаны құмар жастарды ұстап тұру оңай емес. Өйткені жасанды отаның арқасында бет-әлпетін түбегейлі өзгертіп жатқандары қаншама! Жаратқан иеміз де Құран Кәрімде: «Адам баласын ең көркем мұнасаң жараттым», – дейді. Расында, біздің түр-тұлғамыз бен тік жүзіміз жер бетіндегі өзге тіршілік иелеріне қарағанда сымбатты екені айдан анық. Төңірден асқан суретші жоқ болса да, жасанды сұлулыққа деген талап енді толастамайды.

– Біздің салонда кез келген үлгіде қызмет көрсетеді. Дегенмен пирсингтің денсаулыққа зиянын ескерте отырып, ол түрін жасамаймыз. Жалпы мұны жасөспірімдер жасатады. Байыбына, зияндылығына мен

беріп жатпайды. Оларда басты түсінік – сәннен қалмау. Жастардың ой-өрісін өзгерту бізге қиын. Салонға келгендерге “мынау пайдасыз” деп айтып түсіндіре алмаймыз. Сондықтан да біз бұл қызметті көрсетпейміз. Өзге салонға барып, бұл қызмет түрін пайдаланып жатса, мұқият қарауға, залалсыздандырылған құрылғымен жұмыс істеуін талап етуіне құқы бар. Өйтпесе пиллинг жасатуға да кеңес бермес едім, – дейді салон қызметкері Айжан.

Өрнең, әйел баласының әдемілікке деген құштарлығында тұрған еш оғаштық жоқ. Бірақ өртеңді ойласақ, денсаулықты, ұрпақты ойласақ, пластикалық хирургия барарда он рет ойланып, қырық рет толғанған жөн. Ал мұндай пирсинг жасатқысы келгендерге қауіпсіз және залалсыздандырылған құрылғылармен жұмыс істейтін салондарға ғана жүгінуге болатынын тағы да еске саламыз.

Мөлдір САБЫРЖАН



Максат ХАЛИҚ

— Зейнетақы активін қандай компаниялар басқара алады?

— Зейнетақы активін басқарушының меншікті капиталы 5 миллиард теңгеден кем болмауы тиіс. Инвестициялық портфельді басқарушы компания клиенттерінің жиынтық активі басқарушылар тізіміне енген күннен бастап 15 миллиард теңгеден кем болмауы шарт. Басқарушылар тізіміне енгенге дейін компанияның соңғы 36 айда, кемі 10 млрд теңге инвестициялық портфельді басқарған тәжірибесі болуы керек. Тізімге енгенге дейінгі 2 жылдың қаржылық көрсеткіші бойынша, шығыны болмауы шарт. Ол аудиториялық есеппен расталуы керек. Одан бөлек, инвестициялық портфельді басқарушы акцияларының 10 немесе одан көп пайызына иелік ететін акционері болуы керек. Сондай-ақ шпатта сертификатты бар қаржы талдаушысы мен тәуекел менеджерінің жұмыс істеуі, соңғы 6 ай ішінде пруденциалдық нормативтерді бұзу фактілерінің, басқарушыға қатысты санкциялар мен әкімшілік жазалардың болмауы және т.б. сияқты бірікпестік талаптар қойылады.

— Осы аталған талап үдесінен шыққан кез келген компания үлескер бола ала ма? Қаржыны сенімгерлік басқаруға беру елде тұрғын үй алу қайсысы тиімді?

— Сенімгерлік басқаруға қаржы салуда салымшы үлкен тәуекелге барады. Өйткені еліміздегі көптеген қаржылық институттардың ішінде әлі де нарықта тұрақты орнын алмағандар да бар. Сол себепті Ұлттық банк қазір инвестициялық компанияларды іріктеп, қаншалықты сенуге болатынын зерттеуде. Сонымен қатар

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ: ҚАРЖЫНЫ КӨБЕЙТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ ҚАЙСЫ?

Зейнетақы қорынан берілетін қаржыны халық үш мақсатта жұмсай алады. Яғни өм алуға, тұрғын үй жағдайын жақсартуға сонымен қатар қаржы ұйымдарының басқаруына бере алады. Осы уақытқа қордағы қаржыны өміге, тұрғын үй алуға жұмсау жайлы көп айтылды. Бірақ үшінші қаржы ұйымдарының басқаруына беру бағыты бойынша толыққанды ақпарат жоқ. Осы мақсатта қаржы ұйымдарының басқаруына берудің қандай артықшылығы бар тұрасында елімізге белгілі экономист-сарапшы, UIB бизнес мектебінің директоры Максим Халықпен сұхбаттасқан едік.

ұйымына ауыса алады. Егер ешқандай компания ұмса, 2 жылдан кейін ғана қаржыны зейнетақы қорына қайта аударуға болады. Ақшаны қордан шешпес бұрын осыны ескерген жөн.

— Егер қаржы компаниясы бастапқыда 30 пайыз кіріс болады деп бекітіп, кейін бұл көрсеткішті төмендетсе, біз қандай шара қолдана аламыз? Мұны бақылаушы орган бар ма?

— Егер Сіздің құлғыңыз бұзылса, шартта көрсетілмеген жағдай орын алса, арз-шағымды Қаржы қадағалау агенттігіне жолдай аласыз. Зейнетақы қорындағы қаржыны шешіп алғанда нақты келісім-шарт жасалады. Тұтынушы құнды қағазды ұстайтын банкке ақша саларда Қаржы нарығын реттеу агенттігі келісім-шартты бақылайды.

— Қазір халық құнды қағазды сатып алудан гөрі, АҚШ валютасын алғанды жөн санайды. Зейнетақы қорындағы шекті соммадан асқан ақшаны өзге валютаға айналдыру мүмкін бе?

— Әте орынды сұрақ. Қалталы азаматтардың басым бөлігі қаржысын шетел валютасында немесе алтын құймасын сатып алуға жұмсайды. Осы тұста зейнетақы қорындағы қаржыны шешуде белгілі ереже бар. Оның ішінде шекті соммадан асқан қаржының барлығына емес, тек 50 пайызын ғана шетел валютасына ауыстыру қарастырылған.

— Егер зейнетақы

қорынан 2 миллион көлемінде қаржы алып, сенімгерлік басқаруға берген жағдайда кіріс көлемі қанша болады?

— Ең төменгі шектен 2 миллион теңге артық ақша жинаған болсаңыз, қаржыны сенімгерлік басқаруға аударуға болады. Сіз одан 30 пайыздық жоғары немесе төмен кіріс көресіз. 2 миллион теңгенің 1 миллионына ғана құнды қағаз ала аласыз. 100 мың теңгесіне акция аласыз. Одан бөлек банктер арасында жүретін repo операцияларға, алтын құймасын алуға жұмсай аласыз. Яғни 2 миллион теңгені жан-жаққа бөліп жібересіз. Сонымен қатар қордағы қаржыны сенімді басқаруға берген компанияда брокерлер болады. Сол брокер қаражатыңыздың тиімді басқарылуына жауапты болады. Сіз ол адамнан ақшаның қайда, қалай жұмсалып жатқаны жайында ақпарат алып отырасыз. Сол кезде 2 миллион қаржыңыз жыл соңында 2 миллион 600 мыңға артады. Ал мұндай кіріс банк депозиттерінде жоқ. Егер бұл қаржыны банкке салсаңыз, 1 жылда 200 мың теңге ғана пайда көре аласыз.

— Ешқандай тәуекелге бармай, қаржыны екінші деңгейлі банктердің депозитіне салуға бола ма?

— Екінші деңгейлі банктерге зейнетақы қорындағы қаржыны салу қарастырылмаған. Ұлттық банк бекіткен сенімді қаржы компанияларының басқаруына ғана беріледі.

— Өңіміңізге рахмет.



АЛТЫН ҚҰЙМАЛАРДЫҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Дамыған елдер алтын құймасын сатып алу арқылы болашағына капитал құяды. Ал біздің елде алтын құймаларды сатып алуға 2017 жылы ғана рұқсат беріліп, екінші деңгейлі банктер арқылы сатылымға шықты. Сатылымға шыққан күннен бастап алтын құймаға сұраныс төмендеген жоқ. 2020 жылдың өзінде 13 мыңнан астам алтын құймасы сатылған. Алтын құймаларына деген сұраныстың артуы алтынның қымбаттайтынын білдіреді. Себебі сұраныстың артуына байланысты баға да шарықтайды. Ал құймалардың қайда жасалатынын, құны қанша екенін көпшілік біле бермейді. Себебі елдің қалталы азаматтарының көбі ақшасын депозитте немесе АҚШ валютасында сақтайды. Осы тұста құймалардың қаншалықты тиімді екенін саралап көрсек.

Алтын құймалар еліміздің теңге сарайында дайындалады. Оның 5,10, 20, 50 және 100 грамм салмақтағы бес түрі сатылымда. Алтын құймаларды бір-бірінен ерекшелендіріп тұратын оның сыртындағы әртүрлі түйеке қалпаған арнайы орауында. Мәселен, 10 грамдық құймалар күрең қызыл, 20 грамдық – жасыл, 50 грамдық – көгілдір, 100 грамдық құймалар алтын түстес ораумен қапталған. Алтын құймалар нарығының өтімділігін қамтамасыз етудің негізгі факторы – клиентке «күнбе күн» ақша төлей отырып, оларды екінші деңгейдегі банктердің кері сатып алу мүмкіндігі. Әрбір құйма қорғаныш элементтерімен жабдықталған. Ол – құймалардың жытыр беті, микроәтін және бедерлі қыры. Сондай-ақ құймаларды механикалық бұлінуден қорғайтын және ораудың ашылу-ашылмауын тексеруге мүмкіндік беретін арнайы орауда шығарылады. Ескерте кететін жайт, қорғаныш орау құйманың сапа сертификатты болып табылады. Сондықтан орауды ашуға болмайды және оны ұқпаты сақтау керек. Қорайы ашылған құймаларды банк бірден қабылдамайды. Құнды металды арнайы сараптамадан өткізіп, көз жеткізген соң қабылдайды. Бұл біршама уақытты алады. Сондықтан алтын құймаларды сақтауда мұқият болу қажет.

Өлемдік нарықта алтын бағасы үңдімен есептеледі. Ұлттық банк өкілдері қаржының халыққа түсінікті болуы үшін граммен есептесуді жөн санаған. Сондықтан алтын құймалардың бағасы салмағына байланысты әртүрлі. Мәселен, алтын құйманы сату туралы бағдарлама іске қосылған сәттен бастап жалпы салмағы 1,2 тонна болатын 34 901 құйма өз ісін тапқан.

Сарапшылардың айтуынша, алтын құйманың өтімділігі жоғары. Сондай-ақ инфляция мен экономикалық дағдарыстардан қорғайды. Жинаған ақша-көпті қаржысы бар қазақстандықтардың қанжарында қалыптан асқан алтын құймаға басымдық беруі де сондықтан. Жалпы қаржы сарапшылары жинақты әртүрлі валютамен сақтауға кеңес береді. Соның ішінде алтын құймасы да бар. «Алтын құймалардың қарапайым халық үшін қолжетімділігі – басты артықшылық. Десе де, Қазақстанның депозиттерге келіпді беру қоры алтын құймаларына келіпді бермейді. Деректерге сүйенсек, сатып алушылар арасында салмағы 10 грамдық құймаға деген сұраныс жоғары. Жалпы сатылымның 25 пайызы құйманың алаған түріне тиіспелі. Тогыз айдың ішінде дәл осындай 8 701 құйма иесін тапқан. Қазіргі таңда құймаларды Halyk банк, Еуразиялық банк, Jysan банк, БанкЦентрКредит Банкінің және айырбастау пукінінен сатып алуға болады.

Алтын құймалар ел ішінде тарту-таралғы ретінде көп қолданылады. Түрлі мерекелер мен мерейтойларға татырмасы сыйлық, сатып алушылар оған құндылығын жоғалтпайтын үшін қызығады. Ал көпшіліктер мен инвесторлар оны сенімді инвестициялық құрал ретінде пайдаланады. Қарапайым отбасылар бұл өнімді болашаққа арналған жинақ ретінде пайдалануы мүмкін. Дүниежүзілік алтын кеңесінің соңғы дерегі бойынша Қазақстан алтын ұстаушы елдер арасында 16-орында тұр. 2020 жылдың тамызындағы жағдай бойынша Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын қоржыны 382 тоннаға немесе 25 млрд долларға тең.

Халық банкеті алтын құйманың бағасы:

Грамм	Банктің сатып алу бағасы	Сыртқы бүлінген құйма бағасы	Банктің сату бағасы
5	120 995	106 026	127 486
10	241 990	212 053	254 973
20	483 980	424 106	509 946
50	1 209 951	1 060 266	1 274 866
100	2 419 902	2 120 532	2 549 733

ЖИНАҚТЫ SMS АРҚЫЛЫ ТЕКСЕРУГЕ БОЛАДЫ



Ол үшін cabinet.enpf.kz/porog порталына өтіп, mGov мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөміріне SMS арқылы келіп түсетін бар реттік пароль арқылы авторлану қажет. Бір реттік пароль арқылы авторлану үшін бар-жоғы бірнеше қара жасау керек:

- ЖСН және ұялы телефон нөмірін енгізу қажет;
- дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беру керек;
- «Кодты жіберу» батырмасын басу қажет;
- алынған алты таңбалы кодты ұялы телефоннан енгізу керек.

Бұл сервис салымшыларға жеткіліктілік шегін ӘЦҚ-сыз және БЖЗҚ бөлімшелеріне бармай-ақ білуге мүмкіндік береді. Жаңа сервис мемлекеттік органдар айқындайтын ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі талаптарға толық сәйкес келеді.

ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ БЕРЕШЕГІ АРТУДА



2020 жылдың қаңтарынан бері қазақстандықтардың несиесі 10,5%-ке, 7,36 триллион теңгеден өскен өсті. Бұл туралы ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев мәлімдеді.

— 2020 жылдың басынан бастап халықтың несиесі 7,36 триллион теңгеден дейін, 10,5%-ке ұлғайды. Оның ішінде тұтынушылық қарыз 3,2%-ке, 4,3 триллион теңгеден дейін, ипотекалық қарыздар 27,8%-ке, 2,3 триллион теңгеден дейін өсті, — деді Досаев үкімет отырысында.

Айтуынша, 2020 жылдың басынан бері экономикалық несиелер қарашаның соңында 5,6%-ке, 14,65 триллион теңгеден дейін арты. Ал қысқа мерзімді несиелер 3,0%-ке, 2,1 триллион теңгеден дейін өсті.

Бетті дайындаған: Айгүл ӨНІШЕРОВА

БАСПАНА БАҒАСЫ ҚЫМБАТТАДЫ

Елімізде пәтерлердің құны бір жыл ішінде 13%-ке дейін өсті. Зейнетақы жинағындағы қаражатты жыл-жымайтын мүлік жағдайын жақсартуға пайдалануға байланысты баспана бағасы қымбаттады. Қазір екінші нарықтағы баспана бағасының шаршы метрі – 230 мыңға артып.

Жылжымайтын мүлік агенттігі тобының бас директоры Айнуір Құдайбергенованың айтуынша, баспананы сатуға қойған адамдар оның бағасын негізгіс көтеріп отыр. Бұрын шамамен 12 млн болған баспана бағасы бүгінде 13,5-15 млн-ға бағалған. Экономистер жинақтығы сомағы ала алатын азаматтар саны 700 мыңнан астам, яғни халықтың небәрі 6%-і екенін алға тартты. Десе де нарықта баспана бағасы өсуде. Бір жыл ішінде Павлодар және Қарағанды қалаларында өсім байқалды. Осы ретте, мамандар баспана алуға асықпауға кеңес береді. Жылжымайтын мүлікті максималды құны бойынша сатып алу қауіпі тым жоғары. Жаз мезгілінде бағалар бұрынғыша болуы мүмкін.



«Армандар картасын» жасау дінде құпала ма?



— Жок, бұл амал дінимізде құпталмайды, шариятта да сай келмейді. Бірден кесіп айтудың себебі, бүгінде осындай сеніммен жүрген адамды көп кездістім. Ойларын білдім, ниеттерін байқадым. Дәосым діни бағытында «Феншуй» дүниетанымына саятынын айтпағанын өзінде, мүлдем шарият сеніміне сай келмейді. Бір ұқпаным, егер «армандар картасын» жасап, арманының суретін ақ қағаз бетіне түсірсе, ол міндетті түрде орындалады-мыс. Армандар осындай карта арқылы орындалса, осы уақытқа дейі әдімді азамат өмірінде бұл тәсіл танымал болып, бүгінде бәрі армансыз бақытқа кенелмес пе еді?! Адамзатқа дін үйреткен пайғамбарлар бұл тәсілді де сөзсіз үйретпес пе еді?!

Өз-пайғамбарымыз (с.а.с) бұл хадисінде: «Бақытты адам анасының құрсағында бақытты, бақытсыз адам анасының құрсағында бақытсыз» десе, Әбу Дауд риуаят еткен басқа бір хадисінде: «Алла Тағала нені қаласа сол болады. Ал Оның қаламағаны ешқашан жүзеге аспайды» дейді. Сондықтан болар дана бабаларымыз «Құдайсыз курай да сынбайды» деп, барлығын тек Құдайдың қалауындағы нәрсе, қанша армандасаң да Құдайдың дегені ғана

болатынын меңзеген. Қазак жанбырымен жер көгерер, батпаменен ел көгерер» деп көгерудің негізі батада, яғни, Құдайдан тілеуде екенін үйреткен. Олай болса, бізге армандар картасы емес, тілек пен бата қажет. Нақтылап айтқанда, егер сол картамен ғана армандар орындалады, картасы орындалмайды десе шариятымызда Аллаға серік қосу саналып, үлкен күнға батады. Мысалы, перзент аңсаған адам картаға баланың суретін жабастырғаннан кейін қандайда бір уақыт шамасында дүниеге бала келіп, ол бала сол «армандар картасының» нәтижесінде келді деп сенсе, үлкен күнға болады. Міне, осы тұрғыдан алғанда бұл амалдың шариятымызға еш сай келмейтін анық.

«Бұл жерде армандар картасын суретпен толтырамыз болмаса, орындауын картадан емес, Құдайдан сұраймыз» деп, кейбіреулер өзін алдағандықтан болады. Олай болса, неге қажеттің тікелей Алладан сұрай бермеске?! Алланың пенде тілегін қабыл етуге карта емес, Абай атамыз айтқан «ынталы жүрек, шын көңіл» ғана керек.

Құдай хадисі: «Тендем менен бір нәрсе сұраса, қалайша оған бермеймін?!» делінген. Кез келген адам бір нәрсені армандаса, сол нәрсеге жетуіне мақсат етеді.

Мақсат еткен бағытында әрекет жасайды. Оның нәтижесінде «нарекетте – берекет» дегендей, арман-мақсатына жетеді. Ал армандар картасы – суретті желеу етіп, өзін алдау ғана. Жетістіктің негізі – картада емес, әрекетте, – дейді дін өкілі.

Тақырыптың түйіні. Маман пікірінен түсінгенімдей, қағазға жазылған дүние қағаз қалыңдығы орындалады деп сену – қате түсінік. Анығында, мұсылманның бір қаруы – бұға. Жаратушы Иеміз Алла

Тағала Құран Кәрімде былай деген: «Ей, мұминдер! Сабыр мен намаз арқылы Алладан жәрдем тіледер. Шынында Алла сабырлылармен бірге». Демек, қалауың мен ішкі арманыңды картаға жаздырып емес, тек Жаратқаннан сұраған абзал.

Адамды сүй, Алланың хикметін сөз

Қазіргі қоғамда адамдар «мотивация» сөзін жиі қолданады. Бір өкініштісі, солардың қатарынан күн сайын күйзелісте жүрген, өз өміріне қанағаттанбайтын жастарды жиі кездестіруге болады. Мұндай жағдайда жастарды қалай жігерлендірген дұрыс? Бүгінгі буын ертеңгі күнге үмітпен қарау үшін нені білу керек?



— Ең алдымен жастар адамның өмірге келгенді және өмір сүрудің мақсатын білуі тиіс. Сол мақсатты түсінсе, мотивацияның «көкесі» айтп өткен Абай атамыздың: Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа. Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.

Адамды сүй, Алланың (жаратудағы) хикметін сөз.

Не қызық бар өмірде онан басқа?! – деген терең мағыналы сөздерінің мәнін ұғар еді. Жастарға ең уәделі сол тәбиғиі білдімді, рухани байлығымыз бен шариги құндылықтарымызды үйретуіміз керек.

Адам өмірге келген мақсатын білген кезде мақсатына сай өмір сүріп, ұлт зиялыларының жанашырлықпен айтып кеткен сөздерін түсінген сәтте өмірдің мәнін сезеді, – дейді дін маманы.

Осы орайда жастарға пайдалы болады деген ниетпен ғалымдар көрсеткен күйзеліс пен стрестен құтылудың жолдарын ұсынып отырмыз. Олар:

1. Барлық нәрсе Алланың қалауымен болатынына. Оның күш-құдіреті барлығына жететініне сену;
2. Оған бойсынып, Одан ғана жәрдем сұрау;
3. Құналарыңызды мойындап, Алладан көбірек кешірім сұрау (истигфар), Алланы

зімір ету (СубханАллаһи уа биһамдихи, Аллаху Әкбар. Үз не хаула, үз не кууәте илла билләһ, Астағфируллаһу уа әтүбу иләһи);

4. Дұға жасағанда Әс-Семийә (Естушы), әл-Муктәдир (Әте Қуатты, Алланың өктемділігі, әл-қуатында шек жоқ), әл-Мужиб (Жауап қатушы), әл-Уәһһаб (Сыйлаушы, Сый берушілердің Ұлысы) секілді Алланың көркем есімдері мен сипаттарын еске алу, тілге тиеу ету;

Мысалы, «иә, әл-Ғани, мені байыт, әр-Раззәк, ғиық-несібеімді кеңейт», т.б

5. Алланың рақымшын, мейрімшын, жарылқаушын ешқашан күдер үзбеу.

Семілімен тілеу;

6. Барлық істі әр-Раззәк (ризықты мол етіп беруші) Аллаға тапсыру, Одан ғана тәуекел ету;

7. Алланың сөзі болған қасиетті Құранды оқу, тыңдау. Мән-мағынасына ой жұрту. Алла Құранда: «... Білдірді! Жүректер Алланың Еске салуымен (Құранмен) ғана тыныштық тауып, орнығады» деген. («Рәзд» сүресі, 28-аят);

8. Намаз оқу. Расында, Алланы еске алудың ең үлкен түрі – намаз!

«Бәй, иманға төлгендер! Сабыр және намаз арқылы Алладан жәрдем тіледер!» («Бақара» сүресі, 153-аят)

Сенді киіну - сүннет, алайда...

Сонғы уақытта сен индустриясы да қарыңды дамып келеді. Сондықтан болар, сұлулыққа ұмтылатын жастардың қарасы көп. Осы орайда «дініміз бойынша боянуға, сенді киінуге рұқсат етілген бе?» деген сауалымызға Жеңіс Әбібуллаулы келесідей жауап береді.

Әрине, дініміз сенді киінуге, жұпар иіс себінуге, таза жүруге шақырады. Алайда өзінің шеңберінде, шектен шықпайтындығы болу керек.

«Сұлулықтың нышаны» деген желеумен ашық-ашық, «ит талағанды» жыртқы әрі қырық жамая киімдер киетін болса, әйелдер өзге ерлерді, ерлер өзге әйелдерді арбау үшін иіс себінетін болса, боянатын болса дініміз ондай ниеттілерді лангеттейді.

Ал Алла қосқан жұбайы үшін немесе жастар таза әрі жұпар иіс шығып, өзіне деген құрметі үшін байыпты киініп, қажетті дәрежеде жұпарланып мұсылмандық қасиетіне лайықты жүрсе, мол сапаға кенелгені, – дейді дін өкілі.

Бетті дайындаған: Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ

ӨЗГЕРГЕН БЕЙНЕ



Сенің дұғаң көкте найзағай ойнатып, ұшақты жерге қондырды

Пәкістандық дәрігер Ишан Хусейни медицина саласында жасаған ерөн еңбегі үшін марапат алуға халықаралық бір конференцияға бара жатқан еді. Ұшаққа отырды. Бірақ ауа райы күрт өзгеріп, найзағай ойнағандықтан ұшақ ең жақын жердегі әуежайға қонуға мәжбүр болады. Бұдан кейінгі ұшақ 16 сағаттан соң ұшатын еді. «Ол конференцияға міндетті түрде үлгеруі керек. 16 сағат қол алмаймын» дейді дәрігер. Әуежай қызметкерлері баратын қаласы 6 сағаттық жерде екенін, қаласа машина жалдап бара алатынын айтты. Хусейни асығыс жолға шығады, бірақ қатты жаңбыр жолды көрсетпей, ақыр соңында селдің сапарынан көлік жолда жүре алмайтын жағдайға жетті.

Дәрігер жолдың шетіндегі өскі бір үйдің есігін қағып, жылдам ішке кірді. Үйде карт бір әйел отыр еді. Дәрігер асығыс түрде оған: «Телефоныңды бере тұршы, қонжырау шығып керек» деген кезде әйел: «Балам-ау, көрмей тұрмысың? Бұл жерде телефон түгелі әлектр қуаты да жоқ. Келе ғой, біраз демал, тамақ іш, шәй іш содан кейін оқ жамыстарыңды көре жатарсың!» – дейді. Жігіт шарасыз түрде карт кісінің айтқандарына келісіп, біраз жылынып, тамақтанып болған уақытта әйел кісі намаз оқып, ұзақ дұға етіп, Аллаға жалбыранды.

Хусейни назар салып қарағанда әйелдің бесікті тербеткенін және бесікте қимылсыз кішкентай нәрестенің жатқанын көрді. «Мұншалық жылап дұға қылғарды не жағдай болды? Мынау кімнің баласы, апа?» – деп сұрады.

Қарт әйел: «Бұл – анасынан да, әкесінен де жетім қалған немерем. Ауыр дерті бар. Жақын маңдағы ешбір дәрігер емін таба алмады. Ишан Хусейни деген дәрігер бар екен, емін тек сол біледі дейді. Бірақ ол өте алыста, оған жету үшін бірнеше күн жол жүру керек. Шарасыздан «Алла бұл сабидің дертін жөндептің, шипасын берсін» деп Аллаға дұға қылудамын» дейді.

Сол сәттер дәрігер Хусейни көз жасына ерік беріп, екі бетін жас жуған күйі: «Алла сенің дұғанды қабыл қылды. Сенің дұғар көкте найзағай ойнатып, ұшақты жерге қондырды, аспаннан жаңбыр жауғызып, жер жүзін селге айналдырып, мені сізге алып келді» деген екен.

Ежелде Италия императорларының бірі елге белгілі, атақты мүсіншіні шақырып алып, оған бір-біріне мүлдем кереағар екі бейне сомдауды бұйырды. Оның бірі пакизатты меңзеп, екіншісі құбыжықты бейнелейтін болсын деген шарт қойған екен. Ондағы мақсаты – жақсылық пен жамандықтың бейнелі көшірмесін жасауы, елдің есіне салып тұру. Сол себептен ол екеуін қаалады ең үлкен ғибадатхананың алдына орнатқанды болды.

Мүсінші ел арасынан жұмысын үлгі болатын адам іздей бастайды. Біраз уақыттан соң күлү жүзді, өте көрікті сабиді жолықтырады. Оның дөңгелек келген ақ жүзіне тыныштық сәулесі уялап, қоз жанарынан бақыт нұры ұшқын атып тұрғанды еді. Ізденген осы болып нағыз пакизатты тапқан ол қуанып, рұқсат сұрау үшін баланың әке-шешесіне барады. Олармен белгілі бағаға баланы күнделікті алдына алып келуге келесі. Бір ай өткенде бұрын-соңды болмаған өнер таныдысы дүниеге келеді. Енді мүсінші құбыжықтың бейнесін сомдау үшін лайықты адам іздей бастайды. Елдегі барлық түрмелерді, жүйке ауруханаларын, мүгедектер үйлерін аралап шығады. Тіпті қор-қоқысты емес еткен адамдар мен қарақшалар орталықтарын да көзіп шығады. Шебердің бейнесін еңбегін көрмей дүниеден өтіп кетуден қорыққан патша қыруар қаржы жұмсап алпабыртай конкурсын да ұйымдастырады. Алайда олардың барлығы құбыжық емес адамзат баласына ұсас болып шығады. Осылайша арада жиырма жыл өттеді. Күндердің бір күнінде мүсінші нағыз алпабысты табады. Ол қаланың қуыс көшелерінің

біріне орналасқан бас шарпахананың жертелесін мекендейді екен. Араққа әбден салыңдандықтан жасы жиырманың үстінде болса да бірде-бір тісі қалмай, қызылқыл болған, беті қарайып қыртыс-қыртыс әжімге айналған. Басындағы бір ұыс қана төбе шашынан басқа шашының барлығы түсіп қалған. Киімі мен денесі барынша ластанып, истенік кетіпті. Онымен қоса тұрпайы мінезді, дерексіз дауысты. Мүсінші оны көріп қатты қуанады. Оған жиырма жыл бұрын пакизаттың бейнесін қарап салған бейнуге көрсетуін өтінеді. Құбыжық келісімін береді.

Ертеңіне мүсінші құбыжықты алдына отырғызып, көптен тоқтап қалған жұмысын бастайды. Бір күні мүсінші жұмыс барысында алпабыстың жанарынан домалап бара жатқан бір тамшы жасқа көзі түседі. Таң-тамаша қалған ол мұның себебін сұрады. Сонда құбыжық өскік тығыздан дауысстан: «Мырзам, сен жиырма жыл бұрын пакизаттың бейнесін қарап салған бейнуге сәбім мен болатынымын!» деп мүсіншінің мыңна өкіре қулайды. Уақыт өте адамның өз болмысына қарама-қайшы кейпіне өтіп, қатты өзгергеніне таңғалған мүсінші оған қосыла жыйлады.

Бұл мысалдан анықтан гирбат мынау: Адам баласы анадан туғанда құнандан пәк болып туылады. Яғни ол шынайы мұсылман күйінде дүниеге келеді. Бірақ сол күнәсіз нәресте өрікпте, өсіпке келе өскен ортасы мен алған тәрбиесіне байланысты адамдардың ең азғынына айналып кетуі мүмкін. Сондықтан адам өзінің табиғи қалпын сақтап қалу үшін оны сәбім кезінен имандылыққа тәрбиелеу керек екен. Халқымыз ертеден-ақ «баланы жастан ...» деп бекер айтпаса керек.

Музыка тыңдау дұрыс па?

Қазіргі таңда жастар арасында сөзі де, әуені де түсініксіз әндерді тыңдау қалыпты дүниеге айнап-ғанын көз көріп жүр. Бұл әдетті уақыт талабына сай қалыптасты десек те, үлкендердің «беймаза» музыкасын ұната бермейтін рас. Осы орайда дін бойынша музыка тыңдау қаншалықты құпталатынын маманнан сұрап білдік.

— Өуепі, дініміз музыка сынды дүниелерді құптай бермейді. Егер мағыналы, Майлықожа, Шал ақын термелері сынды, ұлттық-рухани дүниені насихаттайтын есті, мағыналы әуендер болса тыңдауға рұқсат етеді. Алайда «ән-нүн де естісі бар, өсері бар» дегендей, мағынасыз әндер шариги тұрғыдан ғана емес, медицина тұрғысынан алғаны өзінде адам психологиясы мен денсаулығына, ойлау қабілетіне кері әсер ететінін мамандар дәлелдеген. Өзге елдің ерсі қылығын мәдениет санап, оны қазам ортаға үлгі етіп көрсету – ұлтымызда да, шаригиымызға да түбегейлі жат нәрсе, – дейді Жеңіс Әбібуллаулы.

Дін өкілінің айтуынша, мағыналы музыканы тыңдау дінге қайшы дүние емес. Тек даңғазға дүние болмағаны дұрыс. Осы тақырып төңірегінде жазылған белгілі дінтанушы Қайрат Жолдыбайдың «Музыка тыңдау жарам ба?» атты мақаласына зер салсақ, ессіз әуеннің келесідей зиянын байқауға болады.

«Даңғазға әуеніңнің кісінің мінез-құлқы мен психологиясына, тіпті азғасына кері әсер ететін белгілі. Бұл жайлы америкян ғалымы Дэвид Эрлиң қатты шыққан дауыс арқылы белокты қуырып жіберуге болатынын дәлелдеді. Бір концертте дауыс зорайтқыштың алдына қойылған жұмыртқа үш сағаттан кейін қатты даң-дұңқан өліп, қуырылып кеткен көрінеді). «Ауыр металл» өсімдіктің өсуін тежейді, тіпті олардың сопыл қалуына да себеп. Рок тыңдалатын балықтың да көп өтпей жаныс күйінде су бетіне қалпыр шықпаны байқалған. Бұдан адам да шет қалмайды. Зерттеулер жарты сағат дискотекада болған жеткіншектің сол күйі өз-өзін бақылаудан қалатынын, гипнобель жағдайына жақын күйге түсетінін анықтаған. Жимим Хендрикс бірде былай деген екен: «Кізі музыка арқылы адамдарға гипноз жасаймыз, оларды күйден-күйге құбылтып ең осаң жерлерін анықтап аламыз. Ал содан соң оның мынына не құямын десең де еріксізсің».

Гитлер де музыканы өз саясатында ұтымды пайдалану үшін көздеген. Ол «басып алған жерлердегі халықтың санасын да бағындырыңыз келсе, мансиз-мағынасыз музыканы күндіз-түні қулағынан кетірімей тыңдата беріңіз. Ол сонда саналы ойлаудан қалып, санасыз тобырға айналады» деген мақалада.

Осы көзге дегені қоғамда музыканың пайдаы мен зияны тұрғысында талай дүние айтылып, білі де еңбекте пікір тапқылауын келеді. Бірақ жастар жиі тыңдайтын «есер» әннің адамның жан дүниесіне кері ықпалын түсініп қана қоймай, дін тұрғысынан ігі амалына қарама-қайшы екенін ескерген жөн.

Миллиондардың ойыны саналатын футбол спортында көптің көңілінен шығу оңай емес. Өсіресе 30 жастан асқан аяқдошылар үшін бұл үлкен мәселе.

Қарт спортшыға баланатын бұл кезеңде көп футболшы кәсіби мансабын аяқтау туралы ойлана бастайды. Ал 35-ке таяған тұста олардың басым бөлігі бутсы-ларын шегеге іледі. Бірақ бұл жастан асып, тіпті 40 жасына дейін спорттық мансабын жалғастыратын футболшылар да жоқ емес. Олардың ішінде 40-тан кейін де жақсы ойнауға болатынын дәлелдеп жүрген ардагер ойыншылар бар. Біз бұл мақаламызда ерекше өнерімен жанкүйерлерді тәтті етіп жүрген егде жастағы футболшылар туралы сөз қозғамақпыз.

Футбол жанкүйерлерінің кумиріне айналған Месси, Роналду, Ибрагимович секілді футболшылардың да жастары уақыт өткен сайын ұлғаяды. Бірақ алаңдағы ойыншына қарасаң, оңай айтуға аузың бармайды. Керісінше, уақыт алға жылжыған сайын футболға деген құштарлығы артып, үздік нәтижелерімен қуанып, футболсүйер көрермендерді таңғалдырудан тайынар емес. Олардың нақты қай жасқа дейін спорттық бабын сақтай алатынын деп басып айту да қиын.

Спортта 40 жасқа дейін доп тебу көз келгенін қолынан келе бермейді. Оның ішінде жоғары деңгейде өнер көрсету оңай емес. Өсіресе, шабуылшыларға қиын. Бұл ретте Златан Ибрагимовичті ерекше атап өтуге болады. Французның «Монпелье» командасында 43 жастағы қорғаушы Илтон бар. Ол әрбір маусымда кемі 30 ойынға қатысын жүр екен. «Ювентус» қақпасы Джанлуиджи Буффон да әлі күнге спорттық карьерасын аяқтамаған аңыз қақпасының бірі. Криштиану Роналду да бір айдан кейін 36 жасқа толады. Бірақ жыл сайын мергендер тізімінде алғашқылардың қатарында жүреді. Быыл да Италияның А сериясында топ бастап тұр. «Бұл жерде спортшының кәсібилігі үлкен рөл ойнайды. Егер жаттығу, диета, ұйы бөріне дұрыс қарай білсең, біраз жасқа дейін ойнауға болады деп ойлаймын. Бастысы, таза бәсекелестікте үздік болуың қажет. Футболшы бұрынғы абыройы үшін ғана ойнайтын болса, онда қадірін кетімей, мансабын аяқтаған дұрыс», – дейді спорт журналисі Бек Төлеу.

Негізі, футболда «ең ұзақ жасайтын» ойыншы ол – қақпасшы. Одан кейінгі орында қорғаушылар тұр. Ал жасып алаңмен ерте қоштасатындардың көшін шабуылшылар бастайды. Қақпашы демекші, «Сток Сити» мен «Блэкпул» командаларының аңыз қақпасы Стэнли Мэтьюз үлкен спортта 50 жасына дейін жүрген. Бір қызығы, кейін ол Мальтадағы «Хиберианс» клубының директоры, жаттықтырушысы бола жүріп

ҚАРТ ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ҚАТАРЫ КӨП ПЕ?



футболға қайта оралған. Содан 55 жасына дейін футболды жанына серік еткен. Одан белек, 40 жыл доп тепкен уругвайлық қақпашы Роберт Кармона 53, шотландиялық Нил МакБейн 51 жасында үлкен футболмен қош айтысқан. Ал ағылшындық Джон Райаннның 2003 жылы Донкастер Роверстің бұрынғы президенті болған тұста 52 жасында шабуылшы ретінде қайтадан алаңға шыққанын бірі білсе, бірі біле бермейді. Қазір көпшілікке танымал жапониялық футболшы Кадзуеси Миура күні кеше өз еліндегі үздік клубтардың бірі «Йокогама» командасымен тағы бір маусымға жана келісімшартқа отырды. Өзіге әлемдегі спорттық мансабын үзбей жалғастырып келе жатқан ең егде футболшылардың көші осы жапониялық футболшы бастап тұр.

Танымал футболшылардан Райан Гиггз, Хавьер Занетти, Франческо Тоттилер күні кешеге дейін жасып алаңда жасындай жарқылап, қырыққа келгенше атой салғанын футбол жанкүйерлері жақсы біледі. Бүгінде жастары біразға келсе де, Еуропаның бес жетекші чемпионатында өнер көрсетіп жүрген ойыншылар ілуде біреу. Ендеше соларға тоқталайық. Біз жасқаған үздік төрттіктің бірінші сатысына францияның 1 лигасында ойнайтын 43 жастағы қорғаушы Илтон Витторино жайғасты. Үлкен футболдағы карьерасын 22 жасында бастап ол бүгінге дейін 6 клуб сапында 553 ойын өткізіп үлгерген екен. Бүгінде «Монпелье» сапында 291 ойын өткізіп үлгерді. Қырықтан асса да ол негізгі құрамдағы орын ешкімге бермеіс.

Екінші орынға 1981 жылғы Хоакимді лайық деп таптық. «Бетистің» аңыз ойыншыларының бірі, 39 жастағы жарылай қорғаушы 2020/2021 жылдағы маусымда 13 рет жасып алаңға шыққан. Өткен жылы Ла Лигадағы 34 ойында 8 гол соққан ең үздік ардагер бомбардир атанды. Футболшы 12 қаңтар күні «Уэскаға»

қарсы өткен ойында алған жарақатына байланысты бүгінде алаңға шықпай жүр. Үздік үштікті 31 қаңтар күні 38-ге толатын Фабио Квальярелла түйіндеді. Италияның А сериясында өнер көрсететін шабуылшы «Сампдория» сапында капитан ретінде тұрақты түрде алаңға шығып жүр. Бүгінде бұл футболшыға туристік «Ювентустың» өзі қызығушылық танытып отырған көрінеді. Мұның өзі қырыққа алаңға шабуылшы үшін – үлкен мәртебе. Бір қызығы, Фабио Италия ұлттық құрамасынан әлі күнге дейін шақырту алып тұрады.

Төрттікте әйгілі Златан Ибрагимович бар. Осы жылдың қазан айында футболшы 40-тың қырықасына шығады. Ал футболдағы ойыншыға қарасаң, швед футболшының 25 жастағы ойыншы екен деп қаласың. Жекке шеберлігі, етілігі, бойының ұзындығы, жойқын соққысы, жылдамдығы, бәрі-бәрі Златанның «супер» қасиеттері екенін айғақтай түседі. Ол ойнаған клубтарының бәрінде сөзсіз үздік болды. Өрі Ибра барған жерінде командасын чемпиондыққа, жеңіске жетелеп жүретін футболшы ретінде көпшіліктің есінде жақсы сақталды. Нидерланд елінің үздік клубы «Аякс» сапында, италиялық «Ювентус» пен «Интер», испаниялық «Барселона», француздық ПСЖ командаларымен чемпион болды. МЮ-мен Еуропа лигасының чемпионы атанды. «Миланның» сапында 7 ойын өткізіп, 10 гол соқты. 40-қа келіп, қамал бұзған футболшы дәл осы Ибрагимовичтей болса керек.

Еуропада бұдан өзге де мықты футболшылар жетерлік. Олардың қатарына СКАЛ-дың жұлдызы футболшысы 39 жастағы Серджо Флоракерді, «Парма» командасының 39 жастағы қорғаушысы португалиялық Бруну Алвешті, 5 ақпан күні 39-ға толатын аргентиналық футболшы, «Болоньяның» шабуылшысы Родриго Паласионы, ағылшындық Челси клубының қақпасы «пенальти шебері» атанған 39 жастағы Вилли

Кабальероны, испаниялық «Бетис» командасының қақпасысы 37 жастағы Клаудио Бравоны, ақпан айында 41 жасқа келетін Артуро Борруты қосуға болады.

Қазақстан премьер лигасында Самат Смақов, Андрей Финюченко, Нұрбол Жұмасқалиев бастаған футболшылар жастары 37-38-ге келгенше футбол ойнайды. Олардың қазақ футболына сіңірген еңбегі орасан зор. Елімізде жастары 40-қа таяғанша доп тепкен өзге де футболшылар көп. Қазір Мақсат Байжанов, Азат Нұрғалиев, Илья Воронников сияқты бірқатар футболшылар әлі күнге дейін жастармен бірге өнер көрсетіп жүр.

– Жалпы алаңда ұзақ ойнаудың басты сыры футболшының өздерін күтуі, футболға деген махаббаты, денсаулығына жете көңіл бөлуі, спирттік өнімдерден аулақ болуы. Сонымен қатар көп нәрсе адамның табиғатына да байланысты. Осындай ерекшеліктердің бәрі бір арнаға тоғысқан тұста футболшы ұзақ уақытқа дейін мансабын жалғастыра алады. Бастысы, жарақаттан аман болу керек. Кейбір футболшылар тез жарақат алғыш келеді. Жарақатының өзі ұзақ созылатындары да болуы мүмкін. Ол кәсіби түрде футболмен айналысатын спортшы үшін үлкен қиындықтың бірі. Маған Буксетстің ойыны ерекше ұнайды. Кьеллини мен Бонуччиі де жоғары деңгейлі футболшылардың қатарына қосуға болады. Жастары біразға келсе де, әлемнің үздік лигаларында тәп-тәуір ойнап жүр, – дейді бапкер Қайрат Нұрдаулетов.

Бір нәрсе анық, футболшылардың бәрі бірдей футболмен ұзақ уақыт бойы айналаса бермейді. Біз оны жоғарыда атап өттік. Тек «қарттықты білмейтін» футболшылар ғана футболда бәрі мүмкін екенін дәлелдеп бағуда. Олар ең бастысы, бәсекелестуден қорықпайды және алдына ең жоғары мақсатты қоя білетін мықты ойыншылар. Ал өзінкі қарым-қабілетіне сенетін спортшылардың спортта әрқашан ұзақ жасары әуелден белгілі.

РАХИМОВ АҚТАЛА МА?



Олимпиада чемпионы қазақстандық ауыр атлет Ният Рахимов допингке қарсы ережені бұзды деген күдікпен жарыстардан уақытша шеттетілді.

Бүкіләлемдік допингке қарсы агенттіктің («WADA») өткен күзде жарияланған IWF-ке жүргізілген тергеу туралы есебінін жалғасы ретінде Халықаралық допингтің тестілеу агенттігі (ITA) WADA іс материалдарын («Жебе операциясы») алды және оны қарап шыққаннан кейін үлгі алмасуға байланысты екі спортшының допингке қарсы ережені бұзғанын осы кезеңде жариялауға шешім қабылдады.

Думитру Каптари (Румыния) мен Ният Рахимовқа (Қазақстан) 2016 жылдың ішінде «Несеп анализін ауыстырған» (IWF допингке қарсы ережесінің 2.2-бабы) бойынша допингке қарсы ережені бұзғаны үшін айып тағылып отырғандығы туралы хабарланды. Тиісті мәселелер шешілгенше спортшылар жарыстарға қатысудан уақытша шеттетілді» делінген Федерация мәлімдемесінде.

Еске салайық, Ұлттық Олимпиадалық комитеті допингті қолдануда нәлдік тәсілділіктің қатаң сарқастын ұстанады және Халықаралық Олимпиада комитеті (ХОК) мен Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (WADA) «таза» спортшыларды қорғау жөніндегі бастамаларын толық қолдайтынын білдіреді.

ПОЛЬШАҒА ЖОЛДАМА



Алматы қаласында бокстан жастар арасындағы Қазақстан біріншілігінің жалауы желбіреді.

Республикамыздың әр өңірінен жиналған дарынды жастар 46 келі, 49 келі, 52 келі, 56 келі, 60 келі, 64 келі, 69 келі, 75 келі, 81 келі, 91 келі және +91 келі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, жүлделерді саралма салады. Аталмыш жарысты Қазақстан бокс федерациясы ұйымдастырды.

Алматыдағы ел біріншілігінің қорытындысы бойынша жеңімпаздар халықаралық додада Қазақстанның намысын қорғайды. Атап айтсақ, 10-24 сәуір аралығында Польшаның Кельц қаласында өтетін әлем біріншілігінде жарыс жеңімпаздары өнер көрсетеді.

ДАЛА ҚАСҚЫРЛАРЫ ТҮРКИЯҒА АТТАНАДЫ



Бүгін дала қасқырларының екінші оқу-жаттығу жиыны тәмамдалды. Қызылордада өткен дайындық барысы физикалық жаттығуларға негізделді. Премьер лигаға дайындығын өрте бастаған «Қайсар» 28 қаңтарда үшінші оқу-жаттығу жиынын өткізуге Түркияға аттанады. Сұлтан Әбілдіәвтан тәлім алатын команда қара теңіздің өтегіне ақпан айының соңына дейін болады.

Анталидағы жиынға бас бапкер бірнеше ойыншыны қаралымнан өткізеді. Жалпы биыл команданың негізгі бөлігі жергілікті футболшылардан жасақталған. Болгар маңаны Стойчо Младеновтың тұсында қосалқы құрамда қалған Өркен Махан, Шоқан Абзалов, Елжас Алтынбеков, Нұрым Салайдың секілді футболшылардың жұлдызы жарқырай түспек. Бүгінде команда құрамында өткен маусымнан 4-5 ойыншы қалды. Атап айтсақ, Думан Нәзілдіаев, Лияс Әмірсейтов және Марсель Исламқұлов бар. Футбол инсайдерінің хабарлауынша, грузиялық шабуылшы Эгудзе Лобжанидзе мен Эфтин Фортес қасқырлардың Түркиядағы жаттығу жиынында қосалқы деген сыбыс бар.



66 келіде Ерлан Серікжанов 11-інші, Елдос Жұмақанов 25-інші сатыда тұр. 73 келіде Жансай Смағұлов 2930 ұпаймен 19-ыншы орынға тұрақты.

81 келіде Дидар Хамза 28-інші, 90 келіге дейінгі салмақтағы Ислам Бозбаев 20-сыншы орында. Айта кетелік, Дохадағы турнирде Қазақстан командасы сапынан ең жоғарғы нәтижені Жансай Смағұлов тіркеді. Ол қола жүлде үшін өткен кездесуде жеңіліп, бесінші орын иеленді.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ ЖАҢАРДЫ

Халықаралық дзюдо федерациясы Дохадағы Masters турнирінен соң әлемдік рейтингті жаңартты.

90 келі салмақта Елдос Сметов бесінші орыннан төмендеген жоқ. Ал Ғұсман Қыргызбаев 10-ыншы орында.

ДИМАШТЫН ОНЛАЙН КОНЦЕРТІ

16 қаңтарда
Димаш
Құдайбергеннің
DIMASH DIGITAL
SHOW атты көптен
күткен алғашқы
онлайн концерті
өтті.



Концерттің онлайн-чаты бір секундқа да тынышталмады, барлық жанкүйер сүйікті әншінің өнерін қайта тамашалағанына қуанды. Шоу барысында әнші 6 тілде (қазақ, итальян, француз, қытай, ағылшын және орыс тілдерінде) ән шықпады. Онлайн формат әлемнің түпкір-түпкірінде көрерменге концертті үйде тамашалауға мүмкіндік берді.

Тіхт америкалық стримингтік платформасы өкілдерінің айтуынша, концерт билеттері тез сатылған.

Әнші жаңа форматқа қарамастан, алғашқы онлайн концертін жанкүйерлері қолдағаны үшін қатты қуанды, — деп жазады dimashnews.com. Концертті Димаштың әлемнің 100-ден астам еліндегі көрермені тамашалады.



«Менің алғашқы онлайн концертіме қатысып, қолдау көрсеткендердің барлығына үлкен рақмет! Пандемия бізді ұзақ уақыт бойы жүздістірімегені өте екіншісі, сондықтан сіздердің алдарыңызда өнер көрсеткеніме қуаныштымын. Мен сіздерді көрмесем де, менің жаным сіздердің барлық қолдауларыңыз бен күш-жігерлеріңізді сезінді, сіздер әрқашан мені шабыттандырасыздар және жаңа жетістіктерге күш бересіздер! Шоуды толық тамашаладыңыздар деген сенімдемін. Біз сіздермен өте жақын арада кездесеміз деп үміттенемін!», — деді дауауысты әнші.

Жалған ақпаратты ойлап табатын кімдер?



ВВС жалған ақпаратты ойдан құрастырып не оның таралуына атсалысатын адамның жеті түрін анықтап көрді.

Джокер немесе қалжыңбас — ойнаймын деп от басытындар. Өзгенің көңілін көтеремін, қалжың деп өтірік ақпарат таратады. Ал оның өзін екенін басқалар түсінбей, шын қабылдауы мүмкін.

Алаяқ — мақсатты түрде фейк ақпарат шығаратын адамдар. Өтірік ақпараттың көз келген түрін қолданып, өзгелерді алдау-арбау арқылы ақшасын алып не басқа да мақсатына жетушілер.

Саясаткер — билікке не мақсатына жету үшін әдейі өтірік айтатындар. Үгіт-насихаттың көбіне өтірікпен аралас жүретіні бұрыннан белгілі. Саясаткерлер билікке жету үшін мақсатты түрде өтірік ақпарат тарататы мүмкін.


Конспиролог — қандайды теориясының өсерінен жалған ақпаратты шыңдықтан ажырата алмайы мүмкін. Коронавирус қолдан жасалды деп, не болмаса БҒ ауруға шалдықтырады деп көз келген жағдайды қандайды теориясымен байланыстырушылар.

Инсайдер — бір ғылымды не саланы жетік білетіндер. Ол дәрігер де, шенеунік те болуы мүмкін. Әдетте олар жалған атпен әртүрлі тақырыпта ешкім күтпеген ақпаратты жариялайды.

Туысқан немесе таныс досың. Әдетте олар WhatsApp және Facebook-те шын-өтірігі анықталмаған ақпаратты таратады. Кейде олар жалған ақпаратты таратушылардың қатарына қосылып та кетеді.

Жазылушысы көп танымал адамдар. Белгілі бір салада білімі болмаса да тұжырымын айтып, жазылушыларын адастырады.

Мұғалімнің жұмысын жеңілдететін 7 онлайн-сервис



Оқушылардың сабақты барынша қызық ері жылдам меңгеруі үшін түрлі тәсіл қолдануға болады. Мысалы онлайн-сервистерді. Massaget.kz назарыңызға мұғалімнің қадесіне жарайтын 7 сервисі ұсынды.

GOOGLE DOCS

Google Docs — Microsoft Office Word бағдарламасының онлайн нұсқасы. Бұл сервис көмегімен оқушыларға дос файлды жібермей-ақ сол файлдың сілтемесін жіберіп, сабақтың жазбаша нұсқасымен таныстыруға болады. Файлдың баптауынан өзге қолданушы көре алатындай рұқсат беруді ұмытпау керек. Сонымен бірге оқушылар сол файлға өз тапсырмасын жаза алатындай етіп, Бөрінін біріктіруге болады.

youTube.com

Бұл сервис бөріне таныс. Бірақ көбі оның мүмкіндігін пайдалана бермейді. Мәселен, бір сабақты түсіндіруге қырық минут жетпегенде оны ауқымды етіп видеоға түсіріп, YouTube-каналға жүктеңіз. Сонда оқушылардың чатына пәленбай мегабайттық видео немесе дыбысхат жібермей-ақ, видеоньң сілтемесін жіберуге мүмкіндік бар. Сілтемеге етіп, видеоны көрген оқушылар соның астына пікір жазып, сабақты түсінгенін дәлелдеуіне болады. Мұндай видеолар тек 20-30 оқушының ғана емес, Қазақстандағы мыңдаған оқушының игілігіне айналуы мүмкін.

canva.com

Бұл сервис презентация жасауға арналған ең әдемі әрі ыңғайлы сервис. Power Point-қа қарағанда біраз жақсы тұсы бар. Мұнда тек презентация емес, плакат, инфографика, диаграмма және тағы басқа медиафайлдар жасауға болады. Оқушыларға әдемі дизайнмен сабақ түсіндіргенге не жетсін!)

ex.co

app.ex.co көмегімен интерактив тест жасауға болады. Оқушылардың білімін тексеруге арналған ең қызық әрі оңай формат.

Тест жасау басында қиын болуы мүмкін, себебі сервисің функциялары мен бөлімдері көп. Сондықтан бірден шығып кетпей, интернеттен дұрыс қолдану нұсқаулығымен танысуға кеңес береміз.

kahoot.it

Бұл да тестке арналған онлайн-сервис. Ерекшелігі — оқушылар тесттен бір уақытта өтіп, тез әрі дұрыс жауап бергендерін анықтап береді.

storyline.knightlab.com

Бұл сервис көмегімен кез келген бір сториді, оқиғаны жылдарға еңсілеп, көрнекі түсіндіруге болады.

storymap.knightlab.com

Ал бұл сервис ақпаратты картамен, геоокациямен байланыстырып түсіндіруге мүмкіндік береді.

JULDYZ - JORAMAI

21-27 қаңтар



ТОҚТЫ

Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз!

ТОРПАҚ

Қаражат жағы қалтаңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада кәсіп бастаған жөн. Сондай-ақ денсаулығыңызға жіті көңіл бөліңіз.



ЕПІЗ

“Жұмыс, карьера” деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаңыздағы адамдардан еш қорықпай, батылырақ бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытып, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.



ШАЯН

Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.



АРЫСТАН

Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертіп де мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.



БИКЕШ

Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалмайын деп тұр. Егер сіз тырыссаңыз, керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.



ТАРАЗЫ

Сіздің айыңыз оңынан туып, жұлдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез туды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетіңіз анық.



САРЫШАЯН

Сізді маңызды бір кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, киіген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, біршама жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.



МЕРГЕН

Өз күшіңізге сенесіз, әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізгер пайдасы зор болмақ.



ТАУЕШКІ

Уақытыңызды құр текке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлей біліңіз, бір нәрсені ойласаңыз, жоспарды міндетті түрде орындауға тырысыңыз.



СУҚЫҒЫШ

Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз.



БАЛЫҚ

Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындардың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылылықтың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағанын да қызықты өтеді.



Кезекші редактор: М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуі алынған, №13844-Г күйілігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тапсырыс № 92